

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 52 (9370) | 1954 жылғы 10 март Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы

СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ Н. С. ХРУЩЕВ ЖОЛДАСТЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША
1954 ЖЫЛҒЫ 2 МАРТТА ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫСЫ

I.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы көзгі жағдайдағы ең маңызды бүкілхалықтық міндет — социалистік индустрияның мықтап өркендеуі негізінде таяудағы 2—3 жылдың ішінде еліміздің халқының халық тұтынатын товарлар жөніндегі өсіп отырған талаптарын молынан қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету міндетін қойды. Пленумын қарарларын басшылыққа ала отырып, партия, совет, ауылшаруашылық органдары өткен уақыттың ішінде ауыл шаруашылығының барлық салаларын мықтап өркендету міндетін шешуге мүмкіндік беретін қажетті жағдайлар жасау жөнінде едәуір жұмыс істеді.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын орындай отырып, колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері күзгі ауылшаруашылық жұмыстарын бұдан бұрынғы жылдардағыдан жақсы өткізді. 1953 жылдың жуында колхоздар мен совхоздарда 13 миллион гектар зыя және 3,5 миллион гектар қара пар 1952 жылдан артық жыртылды. Бүздік дақылдар егу және 1954 жылы егілетін жаздық дақылдардың егісі үшін жер әзірлеу республикалардың, өлкелер мен облыстардың көпшілігінде анағұрлым қысқа және агротехникалық жақсы мерзімдерде өткізілді.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарларын және партия мен үзметтің бұдан кейінгі қаулыларын жүзеге асыру негізінде 1953 жылы, әсіресе жылдың екінші жартысында шаруалардың табысы едәуір артты. Шаруалар сатып алатын товарлардың мемлекеттік бөлшек сауда бағасын орта есеппен 11 процент кеміткеннің өзінде колхоздар мен колхозшылар мемлекетке міндетті түрде тапсыратын еттің, сүттің, жүннің, картоптың және овоштың дайындау бағалары едәуір артты. Етті, сүтті, овошты, картопты дайындау бағаларынан едәуір артатын бағамен мемлекет тарапынан сатып алу системасы енгізілді. Колхоздардың мал шаруашылығы өнімдерін, картоп пен овошты міндетті түрде тапсыру жөнінде өткен жылдардан қалған бересілері олардан алынбайтын болды. Колхозшылардың жеке меншікті көмекші шаруашылығына міндетті түрде өнімдер тапсыру нормалары азайтылып, колхозшы үйлерінен алынатын ауылшаруашылық салығы кемітілді, өткен жылдардың ауылшаруашылық салығы жөніндегі төленбей қалған бересілер толығымен алынбайтын болды. Мұның үстіне, колхозшылардың шаруашылықтарынан мемлекетке мал шаруашылығының өнімдері мен картопты міндетті түрде тапсыру жөнінде өткен жылдардан қалған борыштың бәрі алынбайтын болды. Міндетті түрде өнімдер тапсыру мөлшерін азайтуға байланысты колхоздар мен колхозшылар товарлы өнімнің едәуір бөлегін мемлекетке көтерінік сатып алу бағасымен сатуға мүмкіндік алды. Колхоздар мен колхозшыларды экономикалық жағынан ынталандыру жөніндегі жоғарыда көрсетілген шараларды, сонымен қатар салық саясаты саласындағы шараларды жүзеге

қатар МТС-терде жұмысқа келген мамандарға қажетті тұрғын үй-тұрмыс жағдайлары жасалмай жатыр.

Партия, совет, ауылшаруашылық органдарының ауылшаруашылық кадрларын іріктеп алу жұмысындағы ең маңызды және әлі шешілмеген мәселе колхоз председателдері туралы мәселе болып табылады. Басшы колхоз кадрларын нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға аз ғана партия ұйымдары кіріскен. Ал облыстардық, өлкелер мен республикалардың көпшілігінде осы маңызды істі тура жете бағалаушылық орын алып отыр. Оның бер жағында, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі өркендетіп, жан-жақты дамыту көбінесе колхоз председателдерін іріктеп алуға байланысты. Фактілер мынаны көрсетеді: егер колхоздың басшылығын өз ісін білетін, бұқараны ұйымдастыра алатын жігерлі және инициативалы председателдер қойылатын болса, ең артта қалған шаруашылықтың өзі екі—үш жылдың ішінде озат шаруашылыққа айналып, колхозшылар еңбеккүнге мол табыс алады. Мұндай колхоздарда мемлекеттік, қоғамдық мүдделер колхоздар мен колхозшылардың мүдделерімен дұрыс ұштастырылады. Ал мұның жерісінде, өндірістік мүмкіндіктері зор колхоздардың басшылығына ірі социалистік өндірісті жүргізе алмайтын кездейсоқ адамдар қойылған күнде, мұндай колхоздар артта қалып, әлсірей бастайды.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының колхоздарды басшы кадрлармен нығайту туралы қарарын орындау ісі әсіресе Қазақ ССР-інде, Алтай өлкесінде, Калинин, Горький, Чкалов, Вологда, Новгород, Пенза, Орел, Брянск облыстарында және Татар АССР-інде нашар болып отыр.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы партия, совет, ауылшаруашылық органдарынан, МТС директорларынан басшы колхоз кадрларын іріктеп алуға жауапсыздықпен қарауды жоюын және колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтудың осы түбірлі мәселесін іс жүзінде шешуін талап етеді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығының материалдық-өндірістік базасын күшейтудің кең программасын қабылдады. Пленумын қарарларын орындай отырып, 1953 жылдың төртінші тоқсанында ғана біздің өнеркәсібіміз ауыл шаруашылығына 42 мыңға жуық трактор (15 аттың күшімен есептегенде), 11 мыңнан аса астық комбайнын, 22 мыңнан аса трактор сеялқаларын, трактор тіркелетін мыңдаған пішін шабатын машиналарды және басқа ең тамаша машиналар берді. Ауыр индустрияның қуаты негізіне сүйене отырып, еліміздің ауыл шаруашылығы көзгі заманғы техникамен барған сайын мол және жедел қарқынмен қарулануда. 1954 жылдың басында МТС-тердің қарамағында 1 миллионнан аса трактор (15 аттың күшімен есептегенде), соның ішінде 460 мың дизельді трактор, 270 мың

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы селонның барлық коммунистері мен комсомолецтерін, барлық колхозшыларды және МТС, совхоз қызметкерлерін астық шаруашылығын мықтап өркендету үшін, барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу үшін, мал санын онан сайын көбейте беру үшін, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін социалистік жарысты кең өрістетуге шақырады.

Социалистік жоспарлы халық шаруашылығы мемлекеттік астық резервтерін жасауды және оны жыл сайын жаңартып отыруды көздейді. Оның үстіне елімізде экспортты ұлғайту үшін артық астық болуға тиіс, мұның қажеті өсіп келеді.

Сонымен ауыл шаруашылығының барлық басқа салаларын онан әрі өркендету, халықтың және бүкіл халық шаруашылығының өскелең талаптарын қанағаттандыру астық шаруашылығын өркендетудің табыстарына байланысты.

Осымен байланысты партия Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көрсетеді: астық өндірісінің көзгі уақыттағы дәрежесі жалпы өнім жыйнау жөнінен де, сол сыяқты оның товарлы бөлігі жөнінен де халық шаруашылығының өскен мұқтажының орын толтыра алмайды. Мемлекет қарамағына түсетін астықтың саны мен оны жұмсаудың өсуінің арасында сәйкессіздік туды. Мемлекет алдындағы міндеттемелерді колхоздар орындағанынан кейін оларда қалатын астықтың мөлшері де колхоздардың қоғамдық шаруашылығының барлық қажетінің орын толтыра алмайды; көптеген колхоздарда колхозшылардың еңбеккүндеріне астық аз беріледі, әсіресе, дәнді мал азығы аз қалады, мұнысыз мал шаруашылығын шұғыл өркендетуге болмайды.

2. Партияның Орталық Комитетінің Пленумы астық шаруашылығын өркендетудің көзгі дәрежесі мен еліміздің астық жөніндегі өскелең қажетінің арасындағы сәйкессіздік көзгі кезеңде бірсыпыра себептермен болып отыр деп есептейді.

1953 жылы 1940 жылмен салыстырғанда жалпы алғанда егіс көлемі 6,8 миллион гектар артқанымен, дәнді дақылдардың егіс көлемі 3,8 миллион гектар кеміді, дәнді мал азығының дақылдар егісі (жүгері, арпа, сулы)—6,8 миллион гектар көшет кеміді, сол сыяқты жарма дақылдар (тары, гречиха, күріш)—1,3 миллион гектар және дәнді бұршақты дақылдар — 0,8 миллион гектар кеміді.

Социалистік ауыл шаруашылығы дүние жүзіндегі ең жоғары механизацияланған шаруашылық болуына және ол озат жаңа техникамен жылма-жыл жабдықталып отыруына қарамастан көзгі қолданылып жүрген агротехникалық шаралар дәрежесі барлық егіс көлемінен дәнді дақылдардан мол өнім алуды әлі қамтамасыз етпей келеді. ССРО Ауыл шаруашылығы

министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі және олардың жергілікті органдары, көптеген МТС-тер, совхоздар мен колхоздар дәнді дақылдарды егудің агротехникасына немқұрайды қарауға жол беріп келеді, пар және зыя жырту жөніндегі тапсырманы орындамайды, тұқым себу нормасын төмендетіп келеді, егіс егу және егін жыйнау мерзімдерін ұзаққа созады, астықтың көп ысырап болуына жол береді.

Астық өндірісін өркендету дәрежесі мен халықтың және халық шаруашылығының астық жөніндегі өсіп отырған қажетінің арасындағы туып отырған сәйкессіздіктің негізгі себептерінің бірі егіс көлемдерін жоспарлауда, әсіресе дәнді дақылдар мен шөп егістерінің көлемін жоспарлауда ССРО Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің және ССРО Совхоздар министрлігінің жіберген өрескел қателіктері болып табылады. Еліміздің өртүрлі аймақтарының өзгешеліктерін есепке алмай егіншіліктің шөптаналты системасын жалпылама қолданудың салдарынан Украинада, Солтүстік Кавказ, Поволжье және Орталық-қаратопырақты өңірдегі аудандарда дәнді дақылдардың егісі кемітілді.

Жоспарлаудың мұндай жапандық практикасы еліміздің астық шаруашылығын өркендетуге үлкен зиян келтірді.

3. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы көзгі уақытта еліміздің алдында астықты мемлекет тарапынан дайындау және сатып алу жуырдағы жылдардың ішінде 1953 жылмен салыстырғанда 35—40 процент ұлғаятындай етіп, астықты, азық-түлікті, мал азығын, жарма және дәнді-бұршақты дақылдар өндіруді шұғыл арттыру міндетті түр деп есептейді.

Біздің ауыл шаруашылығымыз алдыңғы қатарлы техникамен мол көлемде қаруланған, мұның өзі барлық негізгі ауылшаруашылық жұмыстарын механизациялауға мүмкіндік береді. Бізде көзгі социалистік ірі өндіріс—МТС, колхоз және совхоз басшыларының қажетті кадрлары бар. Ауылшаруашылық өндірісінде ауыл шаруашылығының мамандары мен механизаторларының орасан үлкен армиясы жұмыс істеуде. Ақырында, Совет елінің орасан зор жер байлықтары бар.

Сонымен, біздің социалистік ауыл шаруашылығымыз астық өндірісін мықтап өркендету үшін барлық мүмкіндіктерге ие болып отыр.

III.

Тың және тыңайған жерлерді игеру—астық өндіруді арттырудың зор резерві

1. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы еліміздің барлық аудандарында дәнді дақылдардың шығымдылығын арттырумен қатар астық өндіруді арттыруда жаңа жерлерді игерудің орасан зор маңызы бар деп есептейді. Қысқа уақыттың ішінде астық өндіруді арттырудың маңызды және ең нақты қайнар бұлағы Қазақстан, Сибирь, Урал, Поволжье аудандарында және Юғияра Солтүстік Кавказ аудандарында тыңайған және тың

ларын толықтыруға керекті механизатор кадрларын дұрыс іріктеп алып, жаңа жерлер игерілетін аудандарға жіберуге байланысты екендігіне барлық партия, совет және ауылшаруашылық органдарының назарын аударады.

МТС-тер мен совхоздарды жұмысшы күшімен қамтамасыз етуді шұғыл шара деп санап, жаңа жерлерді игеретін МТС-тер мен совхоздарды көзгі МТС-тер мен совхоздар қызметкерлері-

1953 жылы 13 миллиард сомнан аса артты.

Колхоздар мен колхозшыларды ауыл шаруашылығы өндірісіне дамытуға материалдық жағынан ынталандыру принципін мүлтіксіз сақтау партия және совет ұйымдарының келешекте де ауыл-күн қамқорлық етегін ісі болуға тиіс.

Халықшаруашылық шараларының қандайының болса да табысты болуын адамдар, кадрлар шешетіндігін еске ала отырып, партия Пленумының қаулысын жүзеге асыру жолындағы күресте кадрлар проблемасына және ең алдымен машина-трактор станциялары кадрларының проблемасына өзін басты назарын аударды. СОКП Орталық Комитетінің Пленумынан кейін МТС-тердің штаттарына тұрақты жұмысшылар ретінде 1 миллион 250 мыңға жуық тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері, жүрделі ауылшаруашылық машиналарының машинистері және басқа қызметкерлер қосылды. Партияның шақыруына жауап ретінде өнеркәсіптен және халық шаруашылығының басқа салаларынан 50 мыңға жуық механикаторлар МТС-терге қайтып оралды.

Колхоздарды қамту үшін соңғы айларда МТС-терге 100 мыңнан аса агрономдар мен зоотехниктер жіберілді. Өнеркәсіптен және халық шаруашылығының басқа да тарауларынан МТС-терде жұмыс істеу үшін 23 мың инженер, техниктер жіберілді. Осының нәтижесінде МТС-тер мен колхоздар мамандармен едәуір нығайтылып, мамандар кадрлары ауылшаруашылық өндірісінің шешуші учасқтарына жақындатылды.

Алайда, МТС-тер мен колхоздарды маман кадрлармен нығайту ісінде ірі кемшіліктер бар. Кадрлар проблемасын шешпейінше, ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендетуді қамтамасыз етуге болмайтынын жөйбір басын партия және совет қызметкерлері, сіра, түсінбейтін болса керек.

Көптеген машина-трактор станцияларында және ең алдымен Орел, Курск, Калинин облыстарында трактор бригадаларының тұрақты қызметкерлерінің едәуір бөлегі осы уақытқа дейін іріктеліп алынбаған және МТС штаттарына енгізілмеген. МТС штаттарына формальдық түрде енгізілген жұмысшылардың едәуір бөлегі, қысқа уақыттағы жұмыс көлемінің үлкендігіне қарамастан, МТС-тер мен колхоздарда жұмыс істемейді. МТС-тердің тұрақты жұмысшыларының еңбегі нашар ұйымдас-тырылған. Брянск, Владимир облыстарында және басқа бірқатар облыстарда бұрын өнеркәсіпте және халық шаруашылығының басқа салаларында жұмыс істеуге кетіп қалған механикатор кадрларын МТС-терге қайтару жұмысы нашар өрістетілген. Механикатор кадрларын даярлау ісінде ірі кемшіліктер болып отыр: механикаландыру училищелері және бұл кадрларды даярлайтын курстар жеткілікті толықтырылмаған, бірқатар училищелер мен курстарда оқыту жұмысы ауылшаруашылық өндірісінің маңызды мәселелерімен байланыстырылмай жүргізіледі.

Партия, совет, ауылшаруашылық органдарының, МТС және совхоз директорларының механикатор кадрларына ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің озат әдістері мен тәсілдерін үйрету, жаңа техниканы зерттеу-үйрену және жаңа мамандықтарды меңгеру ісін жақсартуы қажет.

Бірқатар облыстарда, өлкелер мен республикаларда ауыл шаруашылығының мамандарын іріктен алу және орналастыру ісінде елеулі кемшіліктер бар. Мамандар көп жағдайда ең алдымен қалалар мен аудан орталықтарының төңірегінде орналасқан МТС-тер мен колхоздарға жіберіледі, ал оның бер жағында анағұрлым алыстағы МТС-тер мен колхоздар басшы кадрлармен және мамандармен осы уақытқа дейін толықтырылмаған. Неғұрлым тәжірибелі мамандарды озат колхоздарға жіберіп, ал экономикалық жағынан әлсіз, мамандар көмегіне бәрінен де гөрі мұқтаж болып отырған колхоздарға тәжірибесі аз агрономдар мен зоотехниктерді жіберген фактілер аз емес. Бір-

қатар, тракторға тіркелетін 260 мыңнан аса пішін шабатын машиналар және басқа көптеген тамаша машиналар болды.

Мұнымен бірге СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Машина жасау министрінің басшылары мен бірқатар заводтар директорларының ауылшаруашылық машиналарын өндіру жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді қанағаттанғысыз орындап, бұл мәселеде іске мемлекеттік тұрғыдан қарамай отырғанын атап көрсетеді. 1953 жылы «Беларусь» тракторларын шығару жоспары орындалмай қалды. Картоп отырғызатын СКГ—4 машиналарын өндіру тапсырмасы 59 процент, картоп жыйнайтын КОК—2 комбайны жөнінде—38 процент, КОН—2,8 трактор культиваторлары жөнінде—89 процент орындалды. 1953 жылдың төртінші тоқсанында СОН—2,8 овощ талқаларын өндіру тапсырмасы небәрі 60 процент, көшет отырғызатын СРН—4 машиналары жөнінде—13 процент, өсімдік қоректегіш КРН—2,8, культиваторлары жөнінде—60 процент қана орындалды. Машина жасау министрінің, Транспорттық және ауыр машиналар жасау министрінің көптеген кәсіпорындарының басшылары МТС-терді запас бөлшектермен үздіксіз және комплектті қамтамасыз ету ісіне жауапсыздықпен қарап келеді.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрілігі, бірқатар облыстардың, өлкелер мен республикалардың жергілікті совет және ауылшаруашылық органдары МТС-терде құрылыстар салу жұмысын қанағаттанғысыз жүргізуде. 1953 жылы мастерскойлар салу жоспары тек 57 процент, ауылшаруашылық машиналары сақталатын сарайлар мен жашпалар жөнінде—70 процент ғана орындалды.

Колхоздар мен колхозшылардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге, материалдық ынталылығын арттыру жөнінде партия мен үкметтің шаралар қолдануы, колхоздарға жұмыс істеу үшін ауыл шаруашылығының мамандарын жіберу, мал дыстатуды өткізуде МТС-тер тарапынан колхоздарға ұйымдық және техникалық көмек көрсету нәтижесінде, сонымен қатар малдың есебін алу мезгілі бірінші январьдан бірінші октябрге көшіру нәтижесінде фермаларда малды аман сақтау біржөлі жақсарды. 1953 жылы ет, сүт, жүн дайындау және сатып алу жұмыстары 1952 жылғыдан жақсы жүргізілді. Оның бер жағында колхоздар 1953 жылы мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын сыйыр малы мен қой жөнінде орындамады. Жемшөп жыйнау жоспары орындалған жоқ, жай жемшөп 1952 жылғыдан аз дайындалды. Көптеген облыстарда, өлкелер мен республикаларда, әсіресе Рязань, Тамбов, Псков, Кострома, Тула, Новгород, Орел, Ярославль облыстарында 1953 жылғы IV тоқсанда сыйыр санының едәуір азаюына жол берілді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыра отырып, облыстық комитеттер, өлкелік комитеттер, одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттері селодағы партиялық-саяси жұмысқа көбірек көңіл бөле бастады. Аудандық партия аппаратының жұмысын қайта құру, бұл аппаратты колхоз бен совхоз өндірісіне жақындату ісі басталды. Аудандық партия комитеттерінің секретарьлары басқаратын, тиелі МТС-терде және олар қамтыл-тын колхоздарда партиялық-саяси жұмыс жүргізуге міндетті нұсқаушылар топтары құрылды.

Бірақ селодағы ауыл шаруашылығын басқару ортаңдары мен партиялық-саяси жұмысты қайта құру өте баяу жүргізілуде, мұның өзі шаруашылық міндеттерін шешуге елеулі кедергі болып отыр, өйткені колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басымылық егуді түбірімен жақсартпайынша деревняда бүкіл партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмысының дәрежесін мықтап арттырмайынша, ауыл шаруашылығын ойдағыдай алға бастыруға болмайды.

II.

Астық шаруашылығының жайы және астық өндіруді арттыру міндеттері

1. Елімізде халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өркендету туралы партия мен үкмет алға қойған бүкілхалықтық міндетті орындау мақсатымен бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі ретінде астық шаруашылығын оған әрі өркендетудің ерекше зор маңызы бар.

Халықтың жоғары сапалы тамақ өнімдері жөніндегі еске-лең қажетін оған әрі неғұрлым толық қанағаттандыру ең алдымен астық өндірісін арттыруға байланысты. Мал шаруашы-

лығы проблемасын ең қысқа мерзімде шешу барлық малды дөңді азықтық жемшөппен—жүгерімен, арпамен және сұаымен жеткілікті қамтамасыз егуді талап етеді. Мақта шаруашылығы және зығыр шаруашылығы аудандарында техникалық дақылдар өндіруді ұлғайту, қалалар мен өнеркәсіп орталықтары төңірегінде овощ—картоп және мал шаруашылығы базасын өркендету де осы аудандардың халқын нанмен жабдықтауды арттыруды талап етеді.

табылады. Бұл аудандарда құнарлы қаратоңырақты және қызыл-қоңыр тоңырақты, игерілмеген орасан көп тың жерлер бар, бұл жерлерде көптеген қосымша күрделі қаржы жұмсамай егістен мол өнім алуға болады.

Сибирьдің, Қазақстанның колхоздары мен совхоздарының жұмыс тәжірибесі жыртылған тың және тыңайған жерлерде жаздық бидайдың әр гектарынан 14—15 центнер өнім алуға толық мүмкіндік бар екенін, ал озат колхоздардың әр гектардан 20—25 центнер, тіпті оған да артық өнім алып отырғанын көрсетеді. Мысалы, Челябинск облысындағы «Петропавловский» совхозы 1953 жылы көлемі 19 мың гектар егістің, соның ішінде соңғы жылдарда жаңадан игерілген 10 мың гектар жердің әр гектарынан 22 центнерден бидай алған. Солтүстік Қазақстан облысы, Кошхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозында жаздық бидайдың әр гектарынан іс жүзінде орта есеппен 14,5 центнер жыйналған болса, жаңадан игерілген 350 гектар тың жердің әр гектарынан 30 центнерден өнім алынған.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы 1954—55 жылдары тыңайған және тың жерлерді игеру есебінен дөңді дақылдар егісін көлеміне 13 миллион гектар ұлғайтып, 1955 жылы бұл жерлерде 1.100—1.200 миллион пұт астық, соның ішінде 800—900 миллион пұт товарлы астық алуға—ССРО Ауыл шаруашылығы министрілігінің, ССРО Совхоздар министрілігінің алдына, Қазақстанның, Сибирьдің, Уралдың, Поволжьеңі және Солтүстік Кавказдың партия, совет, ауылшаруашылық органдарының алдына, бұл аудандардың МТС-терінің, колхоздары мен совхоздарының алдына аса маңызды мемлекеттік міндет етіп қояды.

2. Қазақстан КП Орталық Комитетіне, Сибирьдің, Уралдың, Поволжьеңі және Солтүстік Кавказдың СОКП облыстық комитеттері мен өлкелік комитеттеріне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрілігіне, ССРО Совхоздар министрілігіне, РСФСР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Министрлер Советіне, бұл көрсетілген аудандардың облыстық атқару комитеттері мен өлкелік атқару комитеттеріне, МТС және совхоз директорларына колхоздар мен совхоздарда: 1954 жылы, халықшаруашылық жоспарына сәйкес, бидай мен тары егісін 2,3 миллион гектар, соның ішінде колхоздарда—1,8 миллион гектар және совхоздарда—0,5 миллион гектар арттыру, 1955 жылы дөңді дақылдар егісін тағы да көлеміне 10,7 миллион гектар арттыру міндеттелсін.

1955 жылы жаңадан игерілетін жерлерде дөңді дақылдар, әдетте, жақсы өзірілген пар мен ерте жыртылған зябье егілуге тиіс.

3. ССРО Ауыл шаруашылығы министрілігі, ССРО Совхоздар министрілігі, РСФСР Министрлер Советі, Қазақ ССР Министрлер Советі, жергілікті совет және ауылшаруашылық органдары колхоздар мен совхоздарда дөңді дақылдар егісін ұлғайту үшін ең алдымен елді пункттерге таяу орналасқан неғұрлым құнарлы тыңайған және тың жерлерден, шөбі сұйық шабындықтар мен жайылымдардан мезгілінде, бірақ 1954 жылғы 1 июньнен кешікпей, жер учасқотерін іріктеп алып, межелен береті болсын. Жаңа астық совхоздарын ұйымдастыруға және совхоздар мен колхоздарға жер бөліп беруге мемлекеттік қордағы жерлерді де пайдаланатын болсын.

4. Жаңа жерлерді жырту, тоңырақты егіс алдынан өңдеу, дөңді дақылдар егу және жыйнау жұмыстарын мезгілінде өткізу және еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып астық алу мақсатымен, дөңді дақылдар егісін өсіру және баптау жөніндегі барлық жұмыстарды толық механикаландыру қамтамасыз етілсін.

Тыңайған және тың жерлерді игеру, шөбі сұйық шабындықтар мен жайылымдарды жырту жұмыстарын орындау және бидай егісін қосымша ұлғайту үшін 1954 жылы жаңа жерлер игерілетін аудандарға 15 аттық күшімен есептелетін 120 мың трактор, 10 мың комбайн және тиісті мөлшерде трактор плугтері, сеялқалары, дискілі ауыр тырмалар, культиваторлар және басқа ауылшаруашылық машиналары жеткізіліп берілсін. Машина-трактор паркін техникалық жағынан қамту үшін қажетті мөлшерде автомашиналар, автомобиль мен жылжы-тын жөндеу мастерскойлары, автоцистерналар, май құйғыш автоматтар, тұрғылықты мұнай ыдыстары, аспап-саймандар мен жабдықтар жеткізіліп берілсін.

5. Партияның Орталық Комитетінің Пленумы тыңайған және тың жерлерді ойдағыдай игеру бәрінен бұрын маман басшы, инженер-техник және агроном кадрларын, сонымен қатар МТС-тер мен совхоздарда трактор отрядтары мен бригада-

ландыру жөніндегі колонер училищелерінде, ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінде және МТС-тер мен совхоздар жанындағы курстарда тракторшылар мен комбайншылар даярлау, есебінен маман кадрлармен толықтыру қажет. Жаңа жерлерде жаңадан ұйымдастырылатын совхоздар үшін жұмысын күшінің жетпейтін бөлегі ұйымдасқан түрде жұмысқа тарту жолымен толықтырылуға тиіс.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Одақтас республикалар компартиялары Орталық Комитеттерінің, СОКП өлкелік комитеттері мен облыстық комитеттерінің алдына, республикалардың Министрлер Советтерінің, облыстық атқару комитеттері мен өлкелік атқару комитеттерінің, ССРО Ауыл шаруашылығы министрілігінің, ССРО Совхоздар министрілігінің алдына, барлық партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының алдына—1954 жылы кең көлемді түсінік жұмысы негізінде, басшы құрамдағы қызметкерлерді, мамандарды және маман жұмысшы күшін іріктеп алып, жаңа жерлерді игеретін совхоздар мен МТС-терге жіберу міндетін қояды. Бұлар қазіргі МТС-тер мен совхоздардан, сондай-ақ өнеркәсіптен және халық шаруашылығының басқа салаларынан іріктеліп алынсын. Қызметкерлерді ұйымдасқан түрде жұмысқа тартып, жаңа жерлер игерілетін аудандарға жіберу Партия мен Үкметтің маңызды тапсырмасын орындау, патриоттық зор іс деп қаралуға тиіс.

Әрбір кәсіпорын, мекеме мен ұйым өз коллективі ішінен жаңа жерлер игерілетін аудандарда жұмыс істеу үшін баруға тілек білдірген мамандар мен маман жұмысшыларды жіберуді өздерінің құрметті борышы деп санауға тиіс.

6. ВЛКСО Орталық Комитеті мен жергілікті комсомол ұйымдарының жаңа жерлерді игеретін МТС-тер мен совхоздарға жұмыс істеуге комсомолецтер мен жастардан 100 мың механикаторды ерікті түрде ұйымшылдықпен жіберу жөніндегі инициативасы мақұлданын.

7. Тыңайған және тың жерлерді игеретін аудандардың МТС-теріне, совхоздарына және дайындау ұйымдарына басқа МТС-тер мен совхоздардан, өнеркәсіп орындары мен ұйымдардан жіберілетін инженерлерге, техниктерге, агрономдарға, зоотехниктерге, ауыл шаруашылығының басқа мамандарына, тракторшыларға, комбайншыларға, жөндеу ісінің маман жұмысшыларына, есеп қызметкерлері мен басқа қызметкерлерге олардың бұрынғы жұмыс істеген орында алатын үш айлық ақысы (жалақысы) мөлшерінде біржолғы жәрдем берілсін, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген қызметкерлердің жаңа жұмысқа көшіп баруымен байланысты шығындары есебк туралы Заңдар кодексінің 82-статьясына сәйкес төленсін.

8. Жаңа жерлерді игеретін МТС-тер мен совхоздардың трактор бригадалары мен отрядтарының қызметкерлеріне қажетті тұрмыс жағдайларын жасау үшін ССРО Ауыл шаруашылығы министрілігіне, ССРО Совхоздар министрілігіне, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарына 1954 жылы егіс қостарын ұйымдастырып, оларды адам тұратын шағын вагондармен және шатырлармен, кухнялармен, моншалармен қамтамасыз ету, сонымен қатар қоғамдық тамақтануды, сумен жабдықтауды ұйымдастыру міндеттелсін.

ССРО Сауда министрілігі мен Орталық тұтынушылар кооперациясы одағына трактор отрядтары мен бригадаларында тамақ өнімдері және бірінші қажетті заттармен сауда жасау ісін өрістету, бұл үшін жылжымалы дүкендерді көңінен пайдалану міндеттелсін.

ССРО Мәдениет министрілігі мен Кәсіподақтардың Бүкіл-одақтық Орталық Советі жаңа жерлер игерілетін аудандарда МТС-тер мен совхоздардың трактор отрядтары мен бригадаларының қызметкерлерін мәдени жағынан қамту ісін (кино, радио, газет, журналдар және басқалары) қамтамасыз етуге тиіс. ССРО Денсаулық сақтау министрілігі бұл қызметкерлерді медициналық жағынан қамтуды қамтамасыз ететін болсын.

9. Колхоздардың, колхозшылардың және МТС қызметкерлерінің жаңа жерлерді игеру жоспарын орындауға және дөңді дақылдардан мол өнім алуға материалдық ынталылығын арттыру мақсатымен мынадай көтермелеу шаралары қолданылсын:

а) егіс және трактор бригадаларының қызметкерлеріне жаңа жерлердегі бұл егіс көлемінде егіннің шығымдылығы жөнінде белгіленген жоспарлы тапсырмадан тыс жыйналған өнімнің 30 процентіне дейінгі мөлшерде, жалпы жыйналыстардың ұйғаруы бойынша, қосымша ақы беру колхоздарға ұсынылсын;

Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы

СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ Н. С. ХРУЩЕВ ЖОЛДАСТЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША 1954 ЖЫЛҒЫ 2 МАРТТА ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫСЫ

(Жалғасы).

б) колхозшылардың жалпы жыйналыстарының қарауы бойынша, жаңадан игерілетін егіс көлемінен алынған астықты мемлекетке міндетті түрде тапсырудан және астық сатудан түскен ақшадай қаржының шамамен 25 процентіне дейін колхозшылардың еңбеккүндеріне аванс ретінде беру колхоздарға ұсынылсын;

в) Орталық тұтынушылар кооперациясы одағына мемлекетке сату жолымен астық тапсырған колхоздарға сату үшін — сатылған астық құнының әрбір 100 сомы үшін бөлшек сауда бағасы бойынша 50 сомның товарын сату есебімен — өнеркәсіп товарларын, жүк автомобильдерін, автоіркемелер, электромоторлар, құрылыс материалдарын және өндіріс пен шаруашылыққа керекті басқа товарлар бөлу міндеттелсін;

г) МТС-тің трактор бригадалары мен арнаулы отрядтарының қызметкерлеріне сыйлық беру үшін колхоздардың мемлекетке нақты тапсырған және сатқан астығының әр центнерінен 75 тиынын қосымша қаржы бөлуге МТС директорларына ерекше тәртіп ретінде, право берілсін. Сыйлық беру үшін мұндай қаржы бөлу тың және тыңайған жерлерде дөңді дақылдар егісі және іс жүзінде жыйналған егін өнімі жөніндегі жоспарлы тапсырмаларды орындаған күнде жүргізілсін.

1954—1955 жылдары тыңайған және тың жерлерді игеретін жаңадан ұйымдастырылатын совхоздар жұмысшыларының, қызметшілерінің, мамандарының және басшы қызметкерлерінің жалақысына 15 процент мөлшерінде қосымша ақы төлеу белгіленсін.

10. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы былай деп есептейді: астық өндіруді арттыру міндеті Қазақстан, Сибирь, Урал, Поволжье және Солтүстік Кавказ аудандарында тың және тыңайған жерлерді игерумен қатар еліміздің басқа аудандарында, әсіресе қаратопырақты емес өңірдегі аудандарда пайдаланылмай жатқан жерлерді, шөбі сұйық шалғындар мен жайылымдарды жырту, бұталарды, орман тоғайларын тазарту және батпақты құрғату есебінен егіс көлемін едәуір ұлғайтуға талап етеді.

Бұл жұмыстарды жүргізу ең таяу жылдарда ауылшаруашылық айналымына құнарлы жерлерді қосымша енгізуге, еліміздің мықтап өркендеген өнеркәсібі бар халқы жиі аудандарында дөңді, омыс, картоп және жемшөптік дақылдар егісінің көлемін ұлғайтуға, осының арқасында қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының халқын жас омысқтармен, картопмен, сүтпен және етпен жабдықтау ісін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы қаратопырақты емес өңірде жаңа жерлерді игеру ісін ұйымдастырудағы елеулі көмекшіліктерді атап көрсетеді. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары игерілетін өте көп ұсақ об-

ектілерге ақша мен материалдық қаражатты бытыратуға жол беріп отыр. Осының салдарынан жаңа жерлерді игерген кезде мелiorациялық жұмыстардың индустриялық әдістерін қолдануға болмайды, комплексті механикаландыру қамтамасыз етілмейді, техника нашар пайдаланылады және бір гектар жерді игеруге қаржы мен еңбек көп жұмсалады.

Қаратопырақты емес өңірде жаңа жерлерді игеру ісін ұйымдастыруды түбірімен өзгертіп, бұдан былай көлемді жерлерді игеретін болып, бұл объектілерде мелiorациялық техниканы жыйнақтап, жұмысты ұйымдастырудың индустриялық әдістерін кеңінен қолдану қажет.

11. Ең алдымен Мещера облысы (әсіресе Рязань, Владимир және Москва облыстарының аудандарында), Украин ССР-індегі Трубж өзенінің алқабы сыяқты және басқа көлемді жерлерді құрғату және игеру жұмыстарына кірісу қажет деп саналсын.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, РСФСР Министрлер Советіне, Украин ССР Министрлер Советіне, Белорус ССР Министрлер Советіне, Латвия ССР Министрлер Советіне, Литван ССР Министрлер Советіне, Эстон ССР Министрлер Советіне егілмей қалған және батпақтанған зор көлемді жерлерді егіске игеру туралы екі ай мерзім ішінде ұсыныстар белгілеу, соның өзінде бұл мақсаттар үшін арнаулы құрылыс және жобалау ұйымдарын құруды, оларды тиісті материалдық-техникалық жағынан жабдықтауды, сөйтіп таяудағы уақытта осы жерлерде жұмысқа кірісуді еске алу міндеттелсін.

Соғыстың салдарынан және жеке колхоздардың әлсіздігі себепті ауылшаруашылық айналымынан шығын қалған және игеру ісіне көп қаржы жұмсауды керек етпейтін жерлерді егіске ең алдымен игеру қамтамасыз етілсін.

12. Орталық Комитеттің Пленумы мынаны атап көрсетеді: 1954—1955 жылдарға белгіленген еліміздің шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарында 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеру, сонымен қатар қаратопырақты емес өңірдегі аудандарда және еліміздің басқа аудандарында егілмей қалған жерлер мен жаңа жерлерді игеру астық өндіруді, сондай-ақ басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру үшін пайдаланылмай жатқан орасан көп жерді іске асыру жөніндегі жалпы мемлекеттік зор жұмыстардың бастамасы болып табылады.

Жаңа жерлерді игеру, тыңайған және тың жерлерде дөңді дақылдар егісін ұлғайту жөніндегі жұмыстардың белгіленген жоспарын ойдағыдай орындау көбінесе партия, совет және ауылшаруашылық органдары тарапынан осы бүкілхалықтық іске нақты және тыңғылықты басшылық етуге, МТС-тер мен совхоздарды ұйымдық-техникалық жағынан әзірлеуге, колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің алға қойылған міндетті орындауға қалай жұмылдырылуына байланысты.

IV.

Ауыл шаруашылығын жоспарлау, егіс көлемінің құрылымын өзгерту, егін шығымдылығын арттыру туралы

Астық шаруашылығын мықтап өркендету міндеттерін ойдағыдай орындау үшін егіс көлемін дұрыс пайдаланып, дөңді дақылдардың шығымдылығын едәуір арттырудың орасан зор маңызы бар.

А. БИДАЙДЫҢ, ЖЕМДІК, ЖАРМА ЖӘНЕ ДӘН-БҮРШАҚ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ЕГІС КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУ ТУРАЛЫ

1. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көрсетеді:

данылмайынша дөңді егістен жақсы өнім алуға болмайды.

2. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы партия ұйымдарына, совет және ауылшаруашылық органдарына, колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға өздерінің назарын егіннің шығымдылығын арттырудың мынадай мәселелеріне аударуды тапсырады: агротехниканың озат тәсілдері өндіріске кеңінен енгізілсін; трактор паркін пайдалану жақсартылсын; ауылшаруашылық егістер неғұрлым тез енгізіліп, игерілсін;

қажет. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, одақтас республикалардың Ауыл шаруашылығы министрліктеріне, облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларына МТС-тердің жұмысын бағалаған кезде ең алдымен дөңді және басқа ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен жалпы түсімі жөніндегі мемлекеттік тапсырманы қалай орындағанына сүйену міндеттелсін. Егіннің өнімі МТС-тің жұмыс сапасының басты өлшеуші болуға тиіс.

7. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарынан егіннің шығымдылығын онан әрі арттырудың аса маңызды құралы болып табылатын органикалық және минералды тыңайтқыштар қолдануды жете бағалаушылықты жоюды талап етеді. Жергілікті тыңайтқыштарды дұрыс және кеңінен қолдану 1954—1955 жылдардың өзінде жүздеген миллион пұт қосымша астық алуға мүмкіндік береді.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне және олардың жергілікті органдарына жергілікті тыңайтқыштар (көң, шымтезек, қорда және басқа тыңайтқыштар) дайындап, қолдануды едәуір арттыруды қамтамасыз ету, бактериялық тыңайтқыштарды кеңінен қолдану, минералды тыңайтқыштарды пайдалану ісін жақсарту, шымтезек пен өңдірген кезде, көңді, шымтезекті және басқа жергілікті тыңайтқыштарды тасып, егіске енгізуде механикаландыру әдісін кеңінен қолдану, сөйтіп, таяудағы екі — үш жылдың ішінде колхоздар мен совхоздарда жергілікті тыңайтқыштар дайындау, тасу және енгізу жұмыстарының негізінен механикаландырылуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Қара топырақты емес аймақта тыңайтқыштарды пайдалануға ерекше назар аударылуға тиіс, мұндай жерлерде егістік жерге көңді, шымтезекті, фосфорит ұнын кеңінен енгізіп, жасыл тыңайтқыш үшін люпин мен басқа дақылдар егісіне ұлғайту, сонымен қатар қышқыл топыраққа әк енгізу қажет. Пар жыртқан кезде жеткілікті мөлшерде көң, шымтезек және басқа тыңайтқыштар енгізу міндетті шарт деп саналсын. Органикалық және минералды тыңайтқыштарды дөңді дақылдар егісін ерте көктемде үстеп көркейтуді ретінде кеңінен қолдану қамтамасыз етілсін.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне және ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігіне тыңайтқыш үшін шымтезек өндіру, қышқыл топырақты әктеу үшін әк өндіру және ұну жоспары туралы, сонымен қатар шымтезек дайындауға керекті дестелегіштер, көң, шымтезек және әк тиегіштер, автомат күректер, жүкті өндірген түсіретін трактор тіркемелері, көң, шымтезек, минералды тыңайтқыштар және әк шашатын универсал машиналар, ауыр дискілі тырмалар, эжекторлар, скреперлер, бульдозерлер және әк үретін қондырғылар сыяқты жабдықтарды жасап, ауыл шаруашылығына беруді едәуір ұлғайту жоспары туралы бір ай мерзім ішінде ұсыныстар енгізу тапсырылсын.

8. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы көптеген колхоздар мен совхоздарда егін жыйнаған кезде астықтың көп ысырап болуына жол беріліп келгеніне төзуге болмайды деп санайды.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарына егін жыйнаған кезде астықтың ысырабына немқұрайды қараушылықты жою міндеттелсін. Бұл мақсатпен 1954 жылы дөңді дақылдар жыйнауда комбайндардың жұмыс өнімділігін едәуір арттыру, егін жыйнау жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту, комбайн агре-

тыңайған жерлерді игеретін аудандардың МТС-тері мен совхоздарына қажетті жабдықтар жеткізу туралы;

1954—1956 жылдардың ішінде ауыл шаруашылығына комбайннан түсетін астықты көбінесе автомобиль транспортымен тасуды қамтамасыз ететін мөлшерде автомашиналар, көбіне, ағаш-металл жақтаулары бар, жүкті өздігінен түсіретін автомашиналар беру туралы.

10. Ауыл шаруашылығын МТС-тер мен совхоздардың белгіленген қажетіне сәйкес тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының запас бөлшектерімен сан жағынан да, бөлшектердің номенклатурасы жағынан да қамтамасыз ету Машина жасау министрлігі мен Транспорттық және ауыл машиналар жасау министрлігінің аса маңызды міндеті деп саналсын.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Машина жасау министрлігі мен Транспорттық және ауыл машиналар жасау министрлігіне қолда бар өндіріс қуаттарын жақсы пайдалану және ұлғайту есебінен, сонымен қатар кәзір запас бөлшектер шығаруға қатыспайтын заводтарда мұндай бөлшектерді өндіру ісін ұйымдастыру есебінен запас бөлшектер шығаруды мықтап арттыруға дереу шаралар қолдану міндеттелсін.

В. АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ

1. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көрсетеді: партия мен үкметтің астық дайындау саласындағы саясатының негізінде алынған, мемлекетке міндетті түрде астық тапсыруды егістік жердің әр гектарына қарай есептеу принципі өзін толық ақтады және астық шаруашылығын өркендетуде колхоздардың ынталылығын тудырды. Бірақ астық дайындау практикасында астық тапсыруды гектар бойынша есептеу принципінің өрескел бұзылуына және міндетті астық тапсыру мен заттай ақы төлеу жөніндегі астық дайындауды жоспарлауда елеулі қателіктер болуына жол беріліп келеді. Жеке облыстарда, аудандарда және колхоздарда астық дайындау жоспарының орындалмай қалған бөлігі егіннен жақсы өнім алған басқа облыстарға, аудандар мен колхоздарға жүктеу теріс әдет болып табылады. Мұның салдарынан міндетті түрде астық тапсырудың гектарлық нормалары іс жүзінде өзінің маңызын жойып отыр.

Дайындау министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері колхоздардың мемлекетке міндетті түрде астық пен күршіп тапсыруының аудандық жаңа нормаларын белгілеп, бекіткен кезде дөңді дақылдар өндіру үшін шамамен бір-екелі жағдайы бар аудандар бойынша белгіленген нормалардың мөлшерінде үлкен ашықтыққа жол бермейтін болсын, ал әкімшілік ауданның шеңберінде, әдетте, міндетті түрде астық тапсырудың бір ғана нормасы қолданылуға тиіс.

2. Сибирьдің, Қазақстанның, Уралдың, Поволжьең және Солтүстік Кавказдың колхоздарында жаңа жерлерді жырту және өңдеу жұмыстарын жүргізудің мемлекет есебінен техникамен толық қамтамасыз етілетінін ескеріп, бұл аудандарда жаңадан игерілетін жерлер белгілі бір ауданның колхоздары үшін тағайындалған нормалар бойынша мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру және берік ставкалар бойынша заттай ақы төлеу егістің бірінші жылынан бастап есептелетін егіндік жердің мөлшеріне қосылатын болып белгіленсін.

3. Жаңадан ұйымдастырылған совхоздарда және жаңадан игерілетін шалғай жер учасқотерінде дөңді дақылдар ететін совхоздар мен колхоздардан егін жыйнау кезінде, әдетте-астықты Союзавтотранс пен Совхозтранстың автоколлонна-

өсеті: егіс көлемінің кәзіргі құрылымы, еліміздің өртүрал ау- дандарының ерекшеліктері ескерілместен, шөптаналты систе- маның ойланылмай, шаруашылыққа ұқыпсыздықпен, бірсарын- дылықпен қолданылып отырғанын дәлелдейді. ССРО Мемлекет- тік жоспарлау комитеті, ССРО Ауыл шаруашылығы министр- лігі, ССРО Совхоздар министрлігі ауыл шаруашылығын жос- парлауда теріс бағыт жүргізіп келді, бұл теріс бағыт Украин ССР-і оңтүстігінің, Молдаван ССР-нің қуаң және жартылай қуаң аудандарында, Солтүстік Кавказда, еліміздің оңтүстік- шығыс аудандарында өте аз өнім беретін көпжылдық шөптер егісін дәлелсіз ұлғайтудан, сонымен қатар дәнді дақылдардың, әсіресе жүгерінің, дән-бұршақ, жарма және жемдік дақылдары- ның егісін мықтап азайтудан айқын көрінді. Осындай теріс жоспарлау салдарынан дәнді дақылдар егісін азайтып, жарма, дән-бұршақ және жемдік дақылдарының жалпы түсімі төмендеп кетті.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс облыстарының, өлкелері мен республикаларының жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарына шөптаналты ауыспалы егісті енгізуде жол берілген қателіктерді жою жөнінде шаралар қолдану және егіс көлемінің құрылымына түзету енгізу, сөйтіп, 1954 жыл- дан бастап, аз өнім беретін көпжылдық шөптер егісін азайту және сол жерлерді қайта жырту есебінен дәнді дақылдар егі- сін, әсіресе жарма, дән-бұршақ және жемдік дақылдарының егісін едәуір ұлғайту міндеттелсін.

2. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне және ССРО Совхоздар министрлігіне одақтас республикалармен келісіп, тыңайған және тың жерлерді игеруді, ескі егістік жерлерді неғұрлым толық иге- руді, ескеріп, дәнді, дән-бұршақ, жарма, жемдік дақылдары- ның, жүгерінің, қант қызылшасының, күнбағыстың, мақта- ның, салалы зығырдың, жеміштік тамыржемістердің, сүрлен- тетін дақылдардың егісін ұлғайтуды, сонымен қатар бақтар мен жүзімдіктер көлемін едәуір ұлғайтуды еске ала отырып, еліміздің аймақтары бойынша 1955 жылғы егіс көлемінің құрылымы туралы үш ай мерзім ішінде ұсыныстар белгілеп, ССРО Министрлер Советінің қарауына беру тапсырылсын.

3. Ауыл шаруашылығын жоспарлаудың кәзіргі система- сында елеулі кемшіліктер бар екенін, бұл система бойынша жоспарлау ісін шамадан тыс орталықтандырудың ауылшаруашылық өндірісін өркендетуде қолхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың инициативасын тежейтінін еске алып, ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне және ССРО Совхоздар министрлігіне одақтас республикалармен келісіп, ауыл шаруашылығын жоспарлау практикасын өзгерту туралы екі ай мерзім ішінде ұсыныстар белгілеп, ССРО Министрлер Советінің қарауына беру, соның өзінде ауылшаруашылық өндірісін жоспарлауда жергілікті жерлерге көбірек инициатива беруді ескеру тапсырылсын.

Б. ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ШЫҒЫМДЫЛЫҒЫН ОНАН ӘРІ АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

1. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы дәнді дақылдардың шығымдылығын мықтап арттыру қажеттігіне, мұның өзі астық өндіруді арттырудың басты жолы болғанына және бола беретініне партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының, қолхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың ерекше назарын аударады.

Социалистік шаруашылық системасы егіннен мол және тұрақты өнім алуға мүмкіндік тудырды. Мұны еліміздің алуан түрлі аймақтарында егіннен жыла-жыл мол өнім алып жүрген озат қолхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың прак- тикасы дәлелдеп отыр. Бірақ, еліміздің көптеген аудандарында, дәнді дақылдар өсіру агротехникасының өрескел бұзылуы салдарынан, бұл дақылдардың өнімі әлі де төмен болып келеді. Егістің едәуір бөлігі көктемде жыртылған жерлерге орналастырылады, дәнді дақылдар егісіне жергілікті және минералды тыңайтқыштар өте аз енгізіледі, көптеген облыс- тарда сәрттегі тұқымдар баяу қолданылууда. Қаратопырақты емес өңірдегі аудандарда қышқыл топырақты өкпеу әдісі мүлде дерлік қолданылмайды, егістік жерге көң, шымтезек және басқа жергілікті тыңайтқыштар өте аз енгізіледі, ал оның бер жағында бұл аудандарда тіпті механикаландыру дәрежесі жоғары болғанын өзінде де, тыңайтқыштар қол-

егіс жұмыстарының сапасы арттырылып, оларды өсіруге мерзімі қысқартылып; тұқым ісі жақсартылып; жергілікті тыңайтқыштар (көң, шымтезек және басқалары) дайын- дап, егіске енгізу мықтап арттырылып, минералды тыңайт- қыштар неғұрлым жақсы пайдаланылып, қышқыл топы- рақ әктеліп, сортаң топырақ гипселетін болсын; егін жый- нау, астық тасу және сақтау кезінде астықтың ысырабына қарсы күресу батыл күшейтілсін; ауылшаруашылық да- қылдарының зиянкестері мен ауруларына қарсы күресу шаралары үнемі қолданылатын болсын.

Республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік және облыстық атқару комитеттеріне аудандардың ерекшелікте- рін еске ала отырып, әрбір дақыл үшін міндетті агротехни- қалық талаптар минимумын белгілеп, беріту жүктелсін, мұндай талаптарда егістің ең қолайлы мерзімдері, тұқым себуі нормалары, пар жырту мерзімдері, күздік егіске жер әзірлеу және күздік егісті өткізу мерзімдері, комбайннан түсетін сабанды жыйнау, зяб жырту, күздік егісті малдың таптауынан қорғау және басқа шаралар көзделетін болсын. Бұл ережелерде міндетті агротехникалық талаптарды бұз- ғандық үшін жауапкершілік белгіленсін.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоз- дар министрлігіне және В. И. Ленин атындағы ауылшаруашылық Ғылым академиясына міндетті агротехникалық талаптар минимумын белгілеуде республикалардың Министр- лер Советтеріне, өлкелік және облыстық атқару комитетте- ріне қажетті көмек көрсетіп, консультация беру тапсырыл- сын.

3. Егіннің шығымдылығын арттыру жөніндегі шаралар системасында зяб пен парды мезгілінде жыртудың бірінші дәрежелі маңызы бар. Жаздық дақылдар егісінің едәуір бө- легі көктемде жыртылған жерлерге орналастырылатын, ал, зяб жырту жоспарлары жылма- жыл орындалмай қалатын жағдайға түзуге болмайды деп танылсын. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, пар- тия, совет және ауылшаруашылық органдарына, 1955 жыл- дан бастап, жаздық дақылдарды тек қана зяб пен парға орналастыруды, ал күздік дақылдарды, әсіресе бидайды жақ- сы бапталып, тыңайтылған қара, таза және екпе парға не- месе бұрын парсыз егілген жерлердің мезгілінде бапталған учасоктеріне орналастыруды, бұл учасоктердегі күздік егісті көктемде үстеп қоректендіру әдісін кеңінен қолдануды қамтамасыз ету міндеттелсін.

4. Күздік пен жаздық дақылдар егісін ең жақсы агро- техникалық мерзімдерде өткізу партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының, қолхоздардың, МТС- тер мен совхоздардың бірінші дәрежелі міндеті деп санал- сын. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ССРО Совхоздар министрлігі- нен, партия, совет және ауылшаруашылық органдарынан барлық қолхоздар мен совхоздардың, озат шаруашылықтардың тәжірибесі бойынша күздік пен жаздық дақылдар егісі- нің әрбір аймақ үшін ең жақсы агротехникалық мерзімдер- де аяқталуына жетісуді талап етеді.

5. Тұқым себу нормасын толық сақтай отырып, мол өнім- ді сәрттегі тұқымдар ету, тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмысты жақсарту егіннің шығымдылығын арттырудың маңызды шарты болып табылады. Таяудағы 2 — 3 жылдың ішінде барлық облыстарда, өлкелер мен республикаларда неғұрлым өнімді және сапасы жағынан бағалы аудандасты- рылған тұқым сорттарын егуге көшуді қамтамасыз ету — партия, совет және ауылшаруашылық органдарының алды- на міндет етіліп қойылсын.

Қарақұмдық, дән-бұршақ дақылдары, тары тұқымдарының ең жақсы сорттарын жеделдете көбейту мақсатымен, 1954 жылы аудандық тұқым шаруашылықтарымен қатар бұл да- қылдардың тұқымдарын озат қолхоздар мен совхоздарда кө- бейту ісін ұйымдастыру қажет деп танылсын.

6. Қолхоздарда егіннен мол өнім алуға қамтамасыз етуде МТС-тің шешуші роль атқаратынын ескеріп, СОКП Орталық Комитетінің Пленумы партия, совет және ауылшаруашы- лық органдарынан, МТС-тердің барлық қызметкерлерінен трактор жұмыстарының сапасын батыл жақсартуды талап етеді. Жұмыстардың мерзімінде және сапалы жүргізілуі үшін мамандардың, әсіресе мемлекеттік бақылаушылар ретінде МТС-тердің бас агрономдарының жауапкершілігін арттыру

раттарын техникалық жағынан қамту, комбайнның қолдану тасыйтын транспорт құралдарын мезгілінде әзірлеу, егіс қырмандарындағы жұмыстарды механикаландыру қамтама- сыз етілсін.

9. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігі- не, Машина жасау министрлігіне екі ай мерзім ішінде мы- надай ұсыныстар белгілеп, ССРО Министрлер Советіне енгі- зу тапсырылсын:

комбайндар жасауды арттыру туралы, мұнда 1954 — 1956 жылдардың ішінде МТС-тер мен совхоздарға бұл ма- шиналарды дәнді дақылдар егісіне мезгілінде жыйнауы қамтамасыз ететіндей мөлшерде беру еске алынысын;

мол өнімді жұмыс істейтін, астық тазалайтын машина- ларды; астық тиегіш-астыққулыттерін, тұрғылықты және жылжымалы астық кептіргіштерін, сонымен қатар жылжы- малы автомобиль таразыларын, жылжымалы электр стан- цияларын жалпай шығаруды ұйымдастыру туралы;

өндіріс үйлерін, тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыс құрылыс- тарын салуды ұйымдастыру туралы, зор көлемде тың және

дары түсетін комбайнның қолдану тазалау және кептіру жұмыстарын жүргізетін мемлекеттік да- ғында пункттеріне тасып жеткізетін болып белгіленсін.

4. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Дайындау министрлігіне еліміздің шығыс аудандарында жаңа элеватор- лар мен астық қоймаларының құрылысын ұлғайту, сөйтіп, жаңа жерлердегі қолхоздар мен совхоздар тапсыратын астық- ты толық қабылдауды қамтамасыз ету туралы ССРО Ми- нистрлер Советіне ұсыныс енгізу міндеттелсін.

5. Мемлекеттің астық қорларын толықтыру және қолхоздар мен қолхозшылардың астық өндіруді арттыруға ынталылы- ғын күшейту үшін қолхоздар мен қолхозшылардың басы ар- тық астығын сатып алу бағалары бойынша мемлекет тара- пынан сатып алу ісін барынша өркендету қажет.

6. Дайындау министрлігі мен Орталық тұтынушылар одағы- на қолхоздардың мемлекетке тапсырған және сатқан ауыл- шаруашылық өнімдері үшін оларға белгіленген нормалар бо- ғынша мезгілінде товарлар беріп отыруға шаралар қолдану тапсырылсын.

V.

Техникалық дақылдар өндіруді арттыру туралы және бау шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын өркендету туралы

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы соғыстан кейінгі жылдарда қант қызылшасының, мақтаның және майлы да- қылдардың егіс көлемі едәуір ұлғайып, олардың жалпы тү- сімінің артқанын, мұның өзі мақта маталарын, қантты және өсімдік майын көп өндіруге мүмкіндік бергенін атап көрсет- теді.

Мұнымен бірге техникалық дақылдар өндірудің қол жет- кен дәрежесі халық шаруашылығының өскен тілектерінен әлі де едәуір артта қалып, халықтың тұтынуын қажетті мөл- шерде қанағаттандырмай келеді.

Техникалық дақылдар өнімін халық тұтынуының қажетті өсуге қамтамасыз ететін мөлшерде өндіруді онан әрі артты- ру, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне керекті шикізат қорларын молайту мақсатымен, СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп ми- нистрлігіне, облыстық комитеттерге, өлкелік комитеттерге, одақтас республикалар Компартияларының Орталық Коми- теттеріне, облыстық атқару комитеттеріне, өлкелік атқару комитеттеріне және республикалардың Министрлер Советтеріне таяудағы 2 — 3 жылдың ішінде техникалық да- қылдардың шығымдылығын едәуір арттыруды және бұл да- қылдардың егіс көлемін қажетті мөлшерде ұлғайтуды қамта- масыз етуді міндеттейді.

Мақта жөнінде. Таяудағы жылдарда Орта Азия, Закав- казье республикаларының суармалы аудандарының қолхоз- дары мен совхоздарында және Қазақстанда, сонымен қатар Украин ССР-інің, РСФСР-дің бұл дақыл үшін өте қолайлы оңтүстік аудандарында және Молдаван ССР-інде мақтаның егіс көлемін едәуір ұлғайтуды, мақтаның шығымдылығы мен жалпы өнімін арттыруды жүзеге асыру қажет деп танылсын. Бұрын пайдаланылған, бірақ кейін егілмей қалған суармалы жерлерді ауылшаруашылық айналымына қосу қамтамасыз етілсін.

Пайдаланылмай отырған, жер суару жүйелері бар жер- лерді мақта егісі үшін ауылшаруашылық айналымына қосу жөніндегі Өзбекстанның партия және совет органдарының инициативасы мақұлданысын.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоз- дар министрлігіне, Орта Азияның, Закавказьенің және Оңтүстік Қазақстан облысының мақта өсіретін аудандарының жергілікті партия және совет органдарына мақта ететін барлық қолхоздарда 1954 — 1958 жылдардың ішінде мақ- та-беделік ауыспалы егісті енгізіп, игеруді көздеу, қолхоз- дарда судың пайдаланылуын қатаң бақылауды қамтамасыз ету және ауылшаруашылық дақылдарын суарудың неғұрлым жетілген әдістерін кеңінен қолдану міндеттелсін. Таяудағы 2 — 3 жылдың ішінде суармалы жерлердің мелиорациялық

жайы түбірімен жақсартылсын. Кәзіргі коллектор-гренал жүйелерін тәртіпке келтіру және жаңадан салу жөнінде қа- жетті жұмыстар жүргізіліп, суармалы жерлердің бұдан бы- лай сортадануына және ауылшаруашылық айналымынан шығын қалуына жол берілмейтін болсын.

ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министр- лігіне және мақта өсіретін республикалардың Министрлер Советтеріне мақта тазалайтын заводтар мен олардың дайы- дау жүйелерінің материалдық-техникалық базасын жақсар- туға шаралар қолдану міндеттелсін.

Салалы зығыр мен конопля жөнінде. СОКП Орталық Ко- митетінің Пленумы салалы зығыр мен конопля өндірудің төзгісіз артта қалып, бұл істің салақастытылғанын атап көр- сетеді. Зығыр ететін облыстар мен республикалар қолхоз- дарының көпшілігінде зығырдың өнімі әлі де төмен, зығыр өнімдерін дайындау жоспарлары орындалмайды, қолхоздар өзінде өсірілетін тұқыммен өздерің қамтамасыз етпей келеді. Соңғы үш жылдың ішінде зығырдың егіс көлемі 35 процент азайды. Зығыр талшығының жалпы өнімі өнеркәсіптің зы- ғыр шикізаты жөніндегі тілегін қамтамасыз етпейді.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, партия және со- вет органдары мұндай жағдайға төзіп, зығыр мен конопля- ның өнімін арттыруға, бұл дақылдарды өндірудің артта қал- дуын жойып, онан әрі өркендетуге қажетті шаралар қол- данбай келеді. ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товар- лары министрлігі зығыр мен конопляның сабағын әзірлеу- дің өнеркәсіптік әдістерін өндіріске енгізу үшін қажетті шаралар қолданбайды. Машина жасау министрлігі зығыр шаруашылығы мен конопля шаруашылығындағы жұмыс- тарды механикаландыруға керекті жаңа машиналар шығару ісінде шабандық жасап отыр.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, зығыр мен конопля өсіретін об- лыстардың жергілікті партия, совет және ауылшаруашы- лық органдарына салалы зығыр мен конопляның егіс көле- мін едәуір ұлғайтуға және бұл дақылдардың шығымдылы- ғын арттыруға шаралар қолдануды міндеттейді.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне зығыр шаруашылығын өркен- дету жөнінде және қолхоздар мен қолхозшылардың зығыр мен конопля өндіруді арттыруға материалдық ынталылығын күшейту жөнінде бір ай мерзім ішінде шаралар белгілеп, ССРО Министрлер Советіне тапсыру міндеті жүктелсін.

ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары минис- трлігіне зығыр сабағын өнеркәсіп жолымен әзірлейтін цех- тар және зығыр бастыратын цехтар салуды қамтамасыз ету міндеттелсін.

Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы

СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ Н. С. ХРУЩЕВ ЖОЛДАСТЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША 1954 ЖЫЛҒЫ 2 МАРТТА ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫСЫ

(Жалғасы)

Қант қызылшасы жөнінде. Халықты қантпен жабдықтау ісін едәуір күшейту қажет екенін ескеріп, таяудағы 2—3 жылдың ішінде қант қызылшасын өсіру үшін өте қолайлы жағдай бар аудандарда бұл дақылдың егіс көлемі кемінде 300 мың гектар ұлғайтылсын және қант қызылшасының шығымдылығы мен жалпы түсімін арттыруға шаралар қолданылсын.

Майлы дақылдар жөнінде. Өсімдік майын өндіруді арттыру үшін, майлы дақылдардың шығымдылығын мықтап арттырумен қатар күнбағыс, майлы зығыр және басқа майлы дақылдар егісін ең алдымен Поволжье, Қазақстан, Батыс Сибирь және Урал аудандарында 500 — 600 мың гектар ұлғайту қажет деп танылсын.

Майлы дақылдардың шығымдылығын арттыру мақсатымен ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, жергілікті партия және совет органдарына таяудағы 2—3 жылдың ішінде майлы дақылдардың бүкіл егіс көлемінде оларды өсіру жұмысын комплексті механикаландыруды жүзеге асыру міндеттелсін. 1954 жылдан бастап, күнбағысты шаршы-ұялап өсіру әдісіне көшу қамтамасыз етілсін.

Бау шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын өркендету туралы. Елімізде азық-түлік товарларының молшылығын жасау үшін сонымен қатар бағалы тамақ өнімдері болып табылатын жемістер, жидектер және жүзім өндіруді едәуір арттыру қажет.

Бірақ, көптеген колхоздар мен совхоздарда бау шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы сапақымталып, бұлар ауыл шаруашылығының артта қалған салалары болып отыр. Әсіресе, Саратов, Пенза, Куйбышев, Горький, Тула және Тамбов облыстарының колхоздары мен совхоздарында бау шаруашылығы нашар өркендетіліп, бұларда баудың көлемі соғысқа дейінгі кездегіден азайып кеткен. Бау шаруашылығының ертеден-ақ қалыптасқан аудандарында — Курск, Орел, Белгород, Рязань, Қырым облыстарында, Қазақ ССР-інде, Өзбек ССР-інде, Тәжік ССР-інде, Азербайжан ССР-інде, Грузия ССР-інде, Армян ССР-інде бау шаруашы-

лығы ісінің жайы қанағаттанғысыз. Ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының іргесіндегі аудандарда, сонымен қатар колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің үй іргесіндегі участоктерінде бау шаруашылығы нашар өркендетіліп келеді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы бау шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын өркендетудің кәзіргі жағдайын төзуге болмайды деп санайды және баулар мен жүзімдіктердің шығымдылығын барынша арттыруды, жеміс және жаңғақ ағаштары отырғызылған жер көлемін ұлғайтуды, олардың жалпы түсімі мен товарлы өнімін арттыруды, сөйтіп, таяудағы жылдарда жемістер, жидектер, жүзім өндіру және тұтыну ісін мықтап өркендетуді аса маңызды міндеттердің бірі етіп қояды.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігіне және Химия өнеркәсіп министрлігіне бір ай мерзім ішінде мынадай шаралар мен ұсыныстар белгілеп, ССРО Министрлер Советіне тапсыру міндеті жүктелсін:

а) баулар мен жүзімдіктерде зиянды жәндіктер мен ауруларға қарсы күресу үшін совхоздар мен колхоздарды химикаттармен және аппаратурамен қамтамасыз ету жөнінде шаралар;

б) жеміс-жүзім ағаштарын күтуді және отырғызуды онан әрі механикаландыру және жүзім сабақтарын тіректерге қоюды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар;

Шай, цитрус, эфир-майлы және басқа дақылдар өндіруді онан әрі өркендету мақсатымен Орталық Комитеттің Пленумы ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігіне, Грузияның, Азербайжанның, Краснодар өлкесінің жергілікті партия және совет органдарына шайдың, цитрус, эфир-майлы дақылдардың шығымдылығы мен сапасын арттыру және бұл дақылдардың егіс көлемін ұлғайту жөнінде қосымша шаралар жүргізуді міндеттейді. Таяудағы жылдарда шай жайырағын жыйнауы механикаландыру ісі жүзеге асырылсын.

VI.

Мал шаруашылығының жемшөп базасын нығайту туралы

1. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы былай деп атап көрсетеді: ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ССРО Совхоздар министрлігі және кейбір жергілікті партия, совет органдары мал шаруашылығы үшін жемшөп базасын жасау жөніндегі өздерінің практикалық жұмысында елеулі қателіктерге жол берді, бұл қателіктер дөңді жемдер мен құнарлы жемшөп өндірісін жете бағаламаушылықтан туды. Соның нәтижесінде колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығының жемдік дөң жөніндегі талаптары өте болмашы мөлшерде қанағаттандырылады, шөп егісінің көлемі ұлғайғанына қарамастан, пішен өндіру артқан жоқ. Ал, шығында дөңді жемдер мен құнарлы жемшөпті жеткілікті мөлшерде өндірмейінше өнімді қоғамдық мал шаруашылығын ойдағыдай өркендету мүмкін емес.

Қунарлы жемшөп өндіру шұғыл артта қалып келеді. Сүрленетін дақылдардың, жемшөптік тамыр жеміс және жемшөптік бақша дақылдарының шығымдылығы төмен, жемшөп сүрлеу жоспары жыл сайын орындалмайды. Нәрі мол жемшөп болып табылатын жүгеріні сүрлеуге арнап егу жұмысы жеткілікті мөлшерде жүргізілмейді. Бірқатар аудандарда

шошқа мен құсты көптеп семірту жұмысын ұйымдастыруға болатынын ескере отырып, қара топырақты емес алқаптағы аудандарда, Сибирьде, Орталық-қара топырақты облыстарда, сондай-ақ Украин ССР-інің орманды далалы және ішінара орманды аудандарында жемшөпке арнап картоп өндірісін едәуір ұлғайту қажет деп танылсын.

4. Көптеген қант, спирт, сыра қайнататын және басқа тамақ өнеркәсібі орындарында бағалы жемшөптік қалдықтардың малды бордақылауға пайдаланылуы нашар ұйымдастырылып келе жатқаны дұрыс емес деп есептелсін.

ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне және ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне тамақ өнеркәсібі орындарының қалдықтарын — сығындыны, төпті, мизгаларды және басқаларын мал бордақылайтын пункттер ұйымдастыру арқылы толық пайдалану шараларын қолдану міндеттелсін.

5. Жоғары сапалы сүрленетін жемшөп дайындау мақсатымен ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, жергілікті партия және совет органдарына жемшөп сүрлейтін мұнаралар салу, қабырғалары сыланған орлар қазу жұмыстарын кең көлемде ұйымдастыру, астық жыйнауға жарамайтын

ры қанағаттанғысыз пайдаланылады, тракторлардың, комбайндардың еменалық жұмыс өнімділігі аз, машиналардың бос тұрып қалушылығы көп, мұның өзі негізгі ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізу мерзімдерін ұзаққа созуға, егін шығымдылығын төмендетуге әкеліп соғады. Көптеген совхоздар машиналарды жөндейтін мастерскойлармен, тракторларды және ауыл шаруашылығы машиналарын қоятын сарайлармен, бастырмалармен қамтамасыз етілмеген.

Совхоздарда құрылыс жұмыстарын ұйымдастыруда және жүргізуде елеулі кемшіліктер бар; бұл мақсатқа бөлінген қаржының едәуір сомасы жыл сайын жұмсалмай қалады. Совхоздарда құрылыс жұмысшыларының тұрақты кадрлары жасалынбаған, құрылыста маусымдылық орын алған, ал құрылыс жұмыстарында механикаландыру тиісті дерлік қолданылмайды. Осының бәрі мынаған әкеліп соғады: өндірістік, тұрғын және мәдени-тұрмыс үйлерін салу жоспарлары орындалмайды, сөйтіп совхоздар бұл құрылыстарға қатты мұқтаж болып отырады. Совхоздардың фермалары мен жайылымдары сумен нашар қамтамасыз етілген.

ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі совхоздарының және басқа министрліктер мен ведомстволардың совхоздарының жұмысында да ірі-ірі кемшіліктер орын тебеді.

1. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы былай деп есептейді: ССРО Совхоздар министрлігі мен Одақтас республикалардың совхоздар министрліктерінің, қарауында совхоздары бар министрліктер мен ведомстволардың, облыстардағы, өлкелердегі және республикалардағы партия, совет орындарының аса маңызды міндеті совхоздардың жұмысын негізінен жақсарту, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, сөйтіп осының негізінде таяудағы 2—3 жылдың ішінде мемлекетке астық тапсыру мөлшерін кемінде 500 миллион пұтқа жеткізу, сол сияқты мемлекетке ет, сүт, жүн және басқа ауылшаруашылық өнімдерін тапсыруды шұғыл көбейту болып табылады. Өнімнің өзіндік құнын мықтап кемітіп, әрбір совхоздың рентабельді жұмыс істеуін, сөйтіп совхоздардың үлгілі, мол товарлы шаруашылыққа айналуын қамтамасыз ету қажет.

2. Совхоздар еліміздің шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарындағы тыңайған және тың жерлерді, совхоздардың кәзіргі игерілмеген барлық жер қорларын игеру арқылы және дөңді дақылдардың шығымдылығын барынша арттыру арқылы астық өндірісін ұлғайтуға зор роль атқаруға тиіс. Совхоздар жоғары дәрежеде механикаландырылған ірі шаруашылық болып табылады, сондықтан да оның еңбекті аз жұмсай отырып, астықты көп өндіруге, сөйтіп елімізде неғұрлым арзан астық беруге барлық мүмкіншілігі бар.

ССРО Совхоздар министрлігіне, РСФСР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Министрлер Советіне, Қырғыз ССР Министрлер Советіне, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне, Қазақстан КП Орталық Комитетіне, Қырғызстан КП Орталық Комитетіне, өлкелік және облыстық партия комитеттеріне, бұл республикалардың совхоздарының директорларына совхоздарда бидай және тары егістерін: 1954—1955 жылдары 4,3 миллион гектар, оның ішінде кәзіргі бар совхоздардың қарауындағы тын, тыңайған және басқа жерлерді игеру есебінен 2,3 миллион гектар, мемлекеттік жер қорындағы жерлердің есебінен 2 миллион гектар көбейту міндеттелсін.

1954—1955 жылдары бидай, тары, сұлы, жүгері және басқа дөңді дақылдарды өндіруге, ішінара күнбағыс және шапшақты зығыр өндіруге бейімделген, барлық жұмыстары толық механикаландырылған жаңа астық совхоздарын ұйымдастыру қажет деп танылсын. Жаңадан ұйымдастырылатын совхоздардың негізгі өндірістік буыны трактор-егіс бригадасы болуға тиіс деп белгіленсін, оған тракторлар, комбайндар, ауылшаруашылық машиналардың жеткілікті саны, сарайлар, шұғыл

және мамандармен нығайту жөнінде шұғыл шаралар қолданып, совхоз директорларына, әдет бойынша, ауылшаруашылық жөнінен жоғары білімі бар мамандарды, бөлімше және ферма басқарушылығына — ауылшаруашылық жөнінде жоғары және орта білімі бар мамандарды, совхоздардың бас мамандары қызметіне — арнаулы жоғары дәрежелі білімі бар мамандарды тағайындау тапсырылсын.

Одақтас республикалар Компартияларының Орталық комитеттеріне, өлкелік және облыстық партия комитеттеріне өнеркәсіптен, халық шаруашылығының және басқа салаларынан инженерлер мен техниктерді іріктеп алып, совхоздарда бас инженерлер, жөндеу мастерскойларының меңгерушілері және бөлімшелер мен фермалардың механиктері болып істеуге жіберу тапсырылсын.

5. ССРО Совхоздар министрлігіне совхоз өндірісін жоспарлаудағы жіберілген қателіктерді жойып, әрбір табиғи-экономикалық аймақтағы совхоздар бойынша жерді неғұрлым қолайлы пайдалану, шаруашылық салаларының дұрыс ұштастырылуын анықтау шараларын белгілеу тапсырылсын.

Бір айлық мерзім ішінде әрбір жылқы заводына дөңді дақылдар егісін ұлғайту, өнімді мал шаруашылығын өркендету жөнінде тапсырмалар белгілеп, оны қарау, бекіту жұмысын жүзеге асырылсын, мұнда жылқы заводтарының қарауындағы барлық жерлерді неғұрлым толық пайдалану көзделсін.

6. ССРО Совхоздар министрлігі мен Одақтас республикалардың совхоздар министрліктеріне совхоз өндірісінің барлық салаларын техникаландыра беруді қамтамасыз ету, техниканы пайдалану жұмысын негізінен жақсарту, жөндеу мастерскойларының, машина қоятын сарайлар мен бастырмалардың, мал қораларының құрылысын кең өрістетіу тапсырылсын. Сол сияқты, тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс мекемелерінің құрылыстары да кең өрістетілетін болсын.

Әрбір совхоз бен жылқы заводында, әдет бойынша, типтік жөндеу мастерскойы, тракторлардың, комбайндарды және ауылшаруашылық машиналарын сақтайтын сарайлар, бастырмалар және асфальтті алаңдар, мұнай базасы, автомобиль гаражы және запас бөлшектер мен материалдар сақтайтын қоймалар болуға тиіс.

7. ССРО Совхоздар Министрлігі мен одақтас республикалардың совхоздар министрліктеріне, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының совхоздарда мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қойған міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру үшін қосымша шаралар қолдану міндеттелсін.

Бұл мақсатпен:

а) малдың төлден өсірілуін және ірі малдың, төлдердің аман сақталуын жақсарту қамтамасыз етілсін, мал тұқымын асыздандыру жұмысын едәуір жақсартылып, сыйырдың саны неғұрлым тез көбейтіліп, сауылатын сүт мөлшері арттырылсын;

б) шошқаны бордақылау жұмысы едәуір ұлғайтылып, 1956 жылы мемлекетке тапсырылатын шошқа етінің мөлшері 450 мың тоннаға жеткізілсін. Шошқаларды семіртуде картоп пен жүгеріні сүрлеп беру және тамақ өнеркәсібінің қалдықтары жөнінен пайдаланылсын;

в) қой санының артуымен қатар, оның жүн өнімін мықтап арттыру шаралары қолданылсын, таяудағы екі — үш жылдың ішінде биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қойлардың саны көбейтілсін;

г) әрбір совхозда мал шаруашылығы үшін ең алдымен жүгеріні дөң үшін және сүрлеу үшін, картопты жем үшін, қант қызылшасын, судан шөбі мен тағы басқа неғұрлым бағалы және шығымды жемшөп дақылдарын егуді мықтап ұлғайту арқылы тұрақты жемшөп базасын жасау қамтамасыз етілсін, мұнда әрбір аймақтың табиғи жағдайлары ескеріліп, табиғи шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту жөніндегі жұмыстардың кең жүргізілуі ұйымдастырылатын болсын.

шабындық учасктердің шөбін шауып алады, мұның өзі экономикалық жағынан қолайсыз болады да, жемшөп сүр-теудің және пішен дайындаудың жоспарын орындамауға әкеліп соғады.

Сол сияқты пішен өндіру және дайындау жұмысы да мал шаруашылығының талаптарынан кейін қалып келеді, әрбір малдың басына шаққанда соңғы жылдары пішенмен қамтамасыз етудің орташа мөлшері едәуір азайып кетті. Екпе шөптер мен табиғи шабындықтардың шығымдылығы нашар болғандықтан пішен аз өндіріледі.

2. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, жергілікті партия, совет және ауыл-шаруашылық органдарына мал шаруашылығы үшін дәнді жем дақылдары мен құнарлы жемшөп өндіруді жете бағала-маушылықты жойып дәнді жем дақылдарының егісін ұл-ғайтуды, шығымдылығын арттыруды қамтамасыз ету, сөй-тіп қоғамдық мал шаруашылығын дәнді жеммен және басқа концентратты жемшөптермен қамтамасыз ету тапсырылсын.

Сүрленетін дақылдардың, әсіресе жүгерінің, жемшөптік тамыр жеміс дақылдардың, қант қызылшасының, жемшөпке арналған картоптың, жемшөптік бақша дақылдарының егі-сін ұлғайтып, шығымдылығын арттыру жолымен, жеке аудандардың экономикалық және табиғи жағдайларын ескере отырып, құнарлы жемшөпті көбейту жөніндегі белгіленген тапсырмаларды сөзсіз орындау шаралары қолданылсын, ша-бындықтар мен жайылымдарды жақсарту жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

3. Картоптың жоғары бағалы жемшөп екенін, ол арқылы қысқа мерзім ішінде сыйырдың сүт беруін едәуір арттыруға

қомағандарды сүрленетін дақылдар жинауға арнал қант жабықтықта міндеттелсін.

6. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, Геология және жер қазналарын қорғау министрлігіне, Құрылыс министрлігіне, РСФСР, Қазақ ССР, Өзбек ССР, Қырғыз ССР, Түркмен ССР және Тәжік ССР Министрлер Советтеріне екі айлық мерзім ішінде отардағы мал шаруашылығы үшін маусымдық жайылымдардың жаңадан едәуір зор көлемін игеру жөнінде (құдықтар мен суат құрылыста-рын, мал қораларын және тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс үйлерін салу) шаралар белгілеп, ССРО Министрлер Советіне ұсыну тапсырылсын.

7. Мынадай жағдай атап көрсетілсін: ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен ССРО Ауыл шаруашылығы минис-трлігінің мал шаруашылығын жоспарлау практикасында мал санын және оның өнімділігін арттыру жөніндегі жос-парлы тапсырмаларды белгілеуде бірсарындылыққа жол бе-ріледі, мұның өзі мал шаруашылығын өркендету үшін та-биғи және экономикалық жағдайлардың толық пайдалан-бауына әкеліп соғады.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне және ССРО Совхоздар минис-трлігіне мал шаруашылығының жеке салаларын өркендету-ді жоспарлаудағы болған қателіктерді түзеу, мұнда еліміз-дің түрлі экономикалық аудандарының ерекшеліктерін және әрбір 100 гектар жерге шаққанда ет, сүт, жүн өндіруді, мал шаруашылығының тағы басқа өнімдерін арттыру қа-жеттігін ескере отырып, мал санын неғұрлым дұрыс орна-ластыру қажеттігін ескеру міндеттелсін.

VII.

Совхоздарды өркендете беру және олардың рентабельділігін арттыру туралы

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы былай деп есептей-ді: ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркен-детіп, елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау туралы партия мен үкмет қойған міндеттерді жүзеге асыруда совхоздар зор роль атқарады. Мемлекеттік соци-алистік ірі шаруашылық болып табылатын, алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық техникасымен қаруланған, совхоздардың аса қысқа мерзім ішінде астық, картоп, овощь, ет, сүт, жүн және басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді шұғыл ұлғайтып, оларды мемлекетке көп тапсыруға, сөйтіп үлгі және жоғары рентабельді шаруашылық болуға зор мүмкія-шілігі бар.

Алайда, совхоздардың жұмысында ірі- ірі кемшіліктер бар. Совхоздарда егіншілік пен мал шаруашылығын өркендету үшін көптеген жер көлемі нашар пайдаланылады, ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы төмен. Көпте-ген совхоздар жыл сайын шаруашылықты өркендетудің мемлекеттік жоспарларын орындамайды, өнімнің өзіндік құны жоғары болады, көп зиян шегеді. Еліміз осы уақытқа дейін совхоздардан астықты, етті, сүтті, жүнді және басқа малшаруашылық өнімдерін аз алып келеді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көр-сетеді: көптеген совхоздардың артта қалу және совхоз өн-дірісінің, әсіресе астық шаруашылығының оққылыққа ұшы-рауы ССРО Совхоздар министрлігі басшылығы нашар болу-ының, оның тарапынан озат тәжірибені енгізуге бейіам қараушылықтың салдары болып табылады. ССРО Совхоз-дар министрлігі совхоз жерлерін пайдалануда несіздікке жол берді. Совхоз өндірісін өркендетуді жоспарлағанда, ми-нистрлік дәнді, техникалық дақылдардың, картоптың, овощьтың өндірісін ұлғайтып, мал шаруашылығын неғұр-лым тез өркендету үшін совхоздардағы орасан көп жер кө-лемін пайдалануды ескермей келді. Әсіресе, ССРО Совхоздар министрлігінің жылқы заводтары қарауындағы жерлерді пайдалануға несіздік көзбен қарап келгендігі төзуге болмай-тын жағдай, ол заводтардың қарауындағы 5,4 миллион гек-тар жерден небәрі 275 мың гектар жер ғана дәнді дақыл-дар егісіне пайдаланылып келді. ССРО Совхоздар министрлі-гінің ең елеулі қатесі сол — ол совхоздарда дәнді дақылдар

егісінің үлес салмағы едәуір аз болуына жол берді, мұның өзі мемлекет мүдделеріне өрескел қайшы келеді.

ССРО Совхоздар министрлігі совхоздарды іске жетік бас-шы кадрлармен ауыл шаруашылығының мамандарымен ны-ғайту шараларын қолданбады, мұның өзі совхоз өндірісінің мықтап артта қалуының негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Көптеген совхоздарда агротехника талаптары сақталмайды, сөйтіп өңделетін жерлер нашарлап кетті, жұмыстардың сапа-сыз жүргізілуіне, егіс мерзімінің, пар көтеру және зяб жұр-ту жұмыстарының ұзаққа созылуына жол беріледі, егістің едәуір бөлігіне сорты емес тұқымдар себіледі. Совхоздар ор-ганикалық және минералды тыңайтқыштарды аз қолданады және қышқыл топырақты өңтіндіру жұмысын жеткілікті мөл-шерде жүргізбейді. Егіннің уақтылы және сапалы жыйна-мауы салдарынан өнімнің көп ысырап болуына жол беріледі. Совхоздарда ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің прогрес-сивтік тәсілері мен әдістері — картопты, овощьты және бас-қа отамалы дақылдарды шаршы-ұялап және шаршылап егу, отырғызу әдістері, дәнді дақылдарды тарқатары және тоғыс-палы әдіспен егу, егіннің шығымдылығын арттыруға себепші болатын тағы басқа алдыңғы қатарлы агротехникалық тәсіл-дер баяу енгізілуде.

Мал шаруашылығын өркендетуде ірі-ірі кемшіліктер бар. Көптеген совхоздар мал шаруашылығын өркендету, малдың өнімділігін арттыру жөніндегі белгіленген мемлекеттік тапсыр-маларды орындамайды. Совхоздардың едәуір бөлігінде малдың өлім-жітімге ұшырауына, төлдейтін малдың қысыр қалуына мал шаруашылығы көп зиян шегеді. Мал шаруашылығының өнімділігі, әсіресе қойдан жүн қырку, бордақылауға қойылан шошқа мен сыйыр малының салмағын арттыру дәрежесі әлі де төмен. Бірқатар совхоздарда сыйырлардан сүт аз сауылады.

Совхоздарда мал шаруашылығының жағдайы қанағаттан-ғысыз болуының басты себептерінің бірі жемшөп өндірудің және дайындаудың елеулі артта қалып келе жатқандығы бо-лып отыр. Совхоздарда жемшөптік дақылдардың шығымды-лығы өте төмен. Малға беретін картоп пен жүгері жеткіліксіз мөлшерде егіледі.

Совхоздарда тракторлар мен ауылшаруашылық машиналар

автомобильге орнатылған жөндеу мастерскойы, көшпелі асха-на, тракторларға май және су жеткізіп тұратын автоцистерна бекітіліп берілсін.

3. ССРО Совхоздар Министрлігіне, жергілікті партия және совет органдарына кәзіргі бар совхоздардан іске жетік, неғұр-лым тәжірибелі совхоз директорларын, инженер-механиктерді, агрономдарды, бухгалтерлерді, трактор-егіс бригадаларының бригадирлерін, тракторшыларды, комбайншыларды іріктеп алып, жаңадан ұйымдастырылатын астық совхоздарына жібе-ру тапсырылсын.

4. ССРО Совхоздар министрлігіне, партия және совхоз органдарына совхоздарды іске жетік басшы қызметкерлермен

8. Совхоздардың жұмысын түбрінен жақсарту және совхоз өндірісін шұғыл өркендетуге ерекше зор маңыз бере отырып, СОКП Орталық Комитетінің Пленумы одақтас респуб-ликалардың Компартиялары Орталық Комитеттеріне, өлкелік, облыстық және аудандық партия комитеттеріне совхоздарға басшылық етуге зор көңіл бөлу, олардың жұмысына бақылау-ды күшейту, совхоздарды іске жетік кадрлармен нығайту ша-раларын қолдану міндеттелсін. Партия органдары совхоздардың партия ұйымдарын нығайту, олардың совхоз өндірісін өркен-детуге беру жолындағы ролі мен жауапкершілігін арттыру, пар-тиялық-саяси жұмысты күшейту, совхоздардың қызметкерлері-не мәдени қызмет етуді жақсарту жөнінде күн сайын жұмыс жүргізіп отыруға міндетті.

VIII.

Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту және селодағы саяси жұмыс туралы

1. Партия мен үкметтің ауыл шаруашылығы алдына қой-ған міндеттерінің күрделілігі және өмірлік маңыздылығы пар-тия және совет органдары тарапынан ауылшаруашылық өнді-рісін барлық учасктерінде өлшеусіз зор жетік және терең басшылық етуді, бұқараны ауыл шаруашылығын өркендетудің түбрілі мәселелерін шешуге ұйымдастыра білуді талап етеді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көрсет-теді: ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, партия және совет ұйымдары ауыл шаруашылы-ғына басшылық етудегі СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ашқан кемшіліктерді өте баяу жойып келеді.

Ауыл шаруашылығына басшылық ету жөнінде зиянды, бюрократтық практика қалыптасып отыр, мұның мәнісі мына-да: аппараттың басқарушы қызметкерлері мен мамандардың негізгі күштері колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкер-лерін партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын онан әрі өр-кендету туралы қарарларын орындауға ұйымдастыру жөніндегі нақтылы жанды іске бағытталмай, көптеген директивалар, қаулы-қарарлар, анықтамалар, қаттар, есеп-қыйсаптар және басқа, кебінесе ешкімге кереті жоқ қағаздар жазуға бағыттала-ды, мұның өзі партия, совет қызметкерлері мен мамандарды МТС-терде, колхоздарда және совхоздарда тікелей ұйымдастыру жұмысын жүргізуден көз үзуге әкеліп соғады.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінде, ССРО Совхоз-дар министрлігінде қолданылып келген басшылық етудің зиянды, кеңсешілдік-бюрократтық әдісі жергілікті ауылшар-уашылық органдары мен машина- трактор станцияларына да ауысқан, олар өз тараптарынан колхоздар мен совхоздарды орынсыз көп есеп-қыйсаптылықты талап ететін және басқа әртүрлі қажетсіз қағаздармен тоғытып отырады.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл шаруа-шылығы министрлігінен, ССРО Совхоздар министрлігінен, об-лыстық, өлкелік партия комитеттерінен, одақтас республика-лардың компартиялары Орталық Комитеттерінен ауылшаруашы-лық органдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді жо-йып, ауыл шаруашылығына басшылық етудегі зиянды кеңсешілдік-бюрократтық әдіске жол бермеуді, қағаздар мен есеп-қыйсап тасқындарын азайтуды, колхоздармен, МТС-термен және совхоздармен жанды байланыс орнатуды, тапсырылған іс үшін қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруды, олардың күшін колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға алдыңғы қатарлы өндірістік тәжірибені меңгеру, алда тұрған міндеттерді ойдағыдай шешу жөнінде нақтылы көмек көрсетуге бағыттан отыруды талап етеді.

2. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының аудан-дық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің жұмысын қайта құру жөніндегі қаулысын орындау бірқатар облыстарда баяу жүргізіліп келеді және кебінесе формальді түрде жүргізілуде. Аудандық партия комитетінің МТС жөнін-дегі секретары бастаған аудандық партия комитеті қызметкер-лерінің топтары бірқатар жерлерде шындығында әлі жұмысқа кіріскен жоқ. Бұл топтарды толықтыруда көптеген облыстар мен республикаларда топтарға жақсы дайындығы бар, алда тұрған міндеттерді түсінетін, колхоз өндірісін білетін партия

жұмысын сүйіп істейтін адамдарды іріктеп алуға көңіл бөлін-бей келеді.

Көптеген аудандық партия комитеттері әлі ескі әдіспен жұмыс істеп келеді. Аудандық партия комитеттерінің МТС жө-ніндегі секретарьлары мен нұсқаушылары аудан орталықта-рында тұрады, олар уақыттарының көпшілігін сонда өткізеді, МТС-тер мен колхоздарда ерек болады, олардың өмірін терең зерттеп, қажетті көмек көрсетіп отырмайды.

Бірқатар облыстарда, өлкелерде және республикаларда се-лолық, аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару ко-митеттерін тәжірибелі, ауыл шаруашылығын жақсы білетін, колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға дұрыс, істі жетік бі-ле отырып, басшылық ете алатын кадрлармен нығайту жұмы-сы нашар жүргізілуде.

Облыстық, өлкелік партия комитеттеріне, одақтас респуб-ликалардың Компартиялары Орталық Комитеттеріне аса қысқа мерзім ішінде селолық аудандық партия комитеттерінің жұмы-сын қайта құруды аяқтап, аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі секретарьлары мен басқа қызмет-керлерінің жұмысын формальді түрде емес, МТС-тер мен кол-хоздарға басшылық етуде несіздікті, жауапсыздықты іс жүзінде жоюын егін ұйымдастыру, жұмыстың кеңсешілдік әді-стерін, мәжілесорлық сарсандықты жою, сөйтіп бұл топтардың колхоздар мен МТС-терде күн сайын саяси, ұйымдастыру және мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізіп, әрбір колхозшымен, ма-шина- трактор станциясының қызметкерімен араласып оты-руын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Селолық аудандық партия комитеттері мен аудандық атқа-ру комитеттерінде тұрақты жұмыс істеу үшін облыстық, өлке-лік және республикалық ұйымдардың аппараттарынан таңдау-лы қызметкерлерді сол сияқты қалалар мен өнеркәсіп орта-лықтарындағы партия және совет қызметкерлерін жіберу ар-қылы партия және совет аппараттың аудандық буынын іске жетік басшы кадрлармен нығайту шаралары қолданылсын.

3. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы былай деп есеп-тейді: ауыл шаруашылығы жөнінде алға қойылып отырған міндеттерді орындаудың аса маңызды шарттарының бірі кол-хоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайта түсу болып табылады.

Колхоз құрылысы — алдыңғы қатарлы қоғамдық құрылыс. Ауылшаруашылық өндірісін өркендету үшін колхоздардың шексіз мүмкіншілігі бар. Бірақ бұл мүмкіншіліктерді толық пайдалану үшін колхоздарға басшылықты мықтап жақсартып, колхоздардың бәрін түгелдей алдыңғы қатарлылардың дәрежесі-не көтеру қажет.

Бізге артта қалған колхоздар әлі аз емес, оларда тиісті еңбек тәртібі жоқ, еңбек нашар ұйымдастырылған, еңбек өнім-ділігі төмен, жер ұқыпты пайдаланылмайды, соның нәтижесінде мұндай колхоздар ауылшаруашылық өнімдерін аз шығара-ды.

Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы

СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ Н. С. ХРУЩЕВ ЖОЛДАСТЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША 1954 ЖЫЛҒЫ 2 МАРТТА ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫСЫ

(Соңы).

Одақтас республикалардың Компартиялары Орталық Комитетіне, өлкелік, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, республикалардың Министрлер Советіне, өлкелік, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне және оның жергілікті орындарына колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту ісімен үнемі және жете шұғылданып отыру міндеттелсін. Колхоздарда еңбек тәртібін бағыт нығайту үшін қажетті шаралар қолданылсын, еңбекті ұйымдастыру жақсартылсын, ауылшаруашылық жұмыстарында колхоз еңбегінің өнімділігін мүлтіксіз арттыруға себепші болатын жұмыстың прогрессивтік нормалары табындылықпен енгізіліп отырылсын, колхоздарға бекітіліп берілген жерлер тиімді пайдаланылсын, егістік жердің әрбір гектарынан ауылшаруашылық өнімдерін жеңуімен көп алу қамтамасыз етілсін. Тек осы негізде ғана ауыл шаруашылығының жалпы өнімін үздіксіз көбейтуге, оның товарлығын арттыруға, колхоздардың қсғамдық байлығын көбейтуге және колхозшылардың материалдық тұрмыс жағдайын жылдан-жылға арттыра беруге болады.

Партия, совет және ауылшаруашылық органдары алдыңғы қатарлы колхоздар мен ауыл шаруашылығы өндірісі жаңашыларының тәжірибелерін барлық колхоздарға тарату жұмысына ерекше қажырлық жасауға тиіс.

4. Көптеген жергілікті партия және совет органдары колхоз председателдерінің құрамын нығайту жөнінде қажетті шара қолданбайды. Ал шындығында колхоздардың біршыбарасы басшылықтың нығайтылуына мұқтаж болып отыр. Көзірті жағдайда колхоз председателінің ролі әлсізесті және колхоздардың алдына партия қойып отырған міндеттердің ойдағыдай орындалуы ең алдымен колхоз председателіне байланысты.

Аудандық, облыстық, өлкелік партия комитеттеріне, одақтас республикалардың Компартиялары Орталық Комитеттеріне әрбір колхоздың басында ірі колхоз шаруашылығын ойдағыдай жүргізе алатын іске жетік және тәжірибелі басшы отыруын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Жергілікті партия органдарының басшы колхоз кадрларын дұрыс іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу жөніндегі жауапкершілігін арттыру мақсатымен, колхоз председателдерін облыстық, өлкелік партия комитеттері мен одақтас республикалардың Компартиялары Орталық Комитеттерінің номенклатурасына, ал колхоз председателдерінің орынбасарларын, өндіріс бригадаларының бригадирлерін және мал фермаларының меңгерушілерін аудандық партия комитеттерінің номенклатурасына алу қажет деп танылсын.

5. Колхоз председателдерін даярлау жөніндегі ұшжылдық ауылшаруашылық мектептерінде колхоздардың басшы кадрларын даярлаудың көзірті қолданылып жүрген системасы өзінің міндетін ақпатай келе жатқандығы атам көрсетілсін. Мектептер, негізінен, орналау мектептерді бітірген, ауыл шаруашылығын басқару жұмысынан тәжірибесі жоқ жастардың есебінен

толықтырылады, ал үлкен практикалық тәжірибесі бар, бірақ жалпы білім алуды керек ететін адамдар бұл мектептерге көбінесе түсе алмайды.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ССРО Мәдениет министрлігіне бір ай мерзім ішінде тиісті білімі жоқ практиктер қатарынан колхоз председателдерін даярлауды ұйымдастыру туралы ССРО Министрлер Советінің қарауына ұсыныс енгізу міндеттелсін.

6. Орталық Комитеттің Пленумы мынаны атап көрсетеді: кейбір партия және совет қызметкерлері, оның ішінде облыстық партия комитеттерінің секретарлары мен облыстық атқару комитеттерінің председателдері ауыл шаруашылығын нашар біледі және ауылшаруашылық өндірісінің негіздерін зерттемейді. Мұның өзі колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға басшылық ету сапасына елеулі зиян тигізеді. Ауылшаруашылық өндірісімен байланысы бар барлық партия және совет кадрларының алдына ауыл шаруашылығын жүргізудің негіздерін меңгеру, ауыл шаруашылығының өзаттары қолданып жүрген жаңа тәсілдер мен әдістерді білу міндеті қойылсын.

7. Астық өндірісін мықтап көбейту үшін тың және тыңайған жерлерді меңгеру ісіне мемлекеттік зор маңыз бере отырып, СОКП Орталық Комитетінің Пленумы партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарын село механизаторларының, мамандарының және басын ауылшаруашылық кадрларының арасында жаңа жерлерді игеру жөнінде тұрақты жұмысқа барғысы келетін еріктілер тарту мақсатымен түсінік жұмысын кең өрістеуге міндеттейді. Түсінік жұмысына баспасөзді, радионы, киноны және үгіт пен насихаттың басқа құралдарын пайдалану қажет. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін жаңа жерлерді меңгеруге белсене қатысуға шақырады.

8. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының және осы Пленум қойған ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете беру жөніндегі міндеттер деревнядағы саяси жұмыстың бағыт күшейтілуін талап етеді. Партия ұйымдары деревнядағы барлық еңбекшілердің — колхозшылар мен колхозшы әйелдердің, совхоз және МТС жұмысшыларының, ауыл шаруашылығы мамандарының ауыл шаруашылығын өркендету міндеттерін жете түсініп, арқайсысының өз участогінде бұл міндеттердің орындалуы үшін жаңамай еңбек етуін қамтамасыз етуге тиісті. Деревняда саяси және мәдени-бұқаралық жұмыстар жүргізуге селолық интеллигенциямызды — мұғалімдерді, дәрігерлерді, агрономдарды, зоотехниктерді, инженерлерді кеңінен тарту керек. Бұл орасан зор күш партия ұйымдарының тірегі бола алады және болуға тиісті де.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы селонын барлық коммунистері мен комсомолдерінің, барлық колхозшыларды және МТС, совхоз қызметкерлерін астық шаруашылығын мықтап өркендету үшін, барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу үшін, мал санын онан сайын көбейте беру үшін, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін социалистік жарысты кең өрістетуге шақырады.

КИНО

„БҮРГЕНДІ ТОҒАЙ“



«Бүргенді тоғай» фильмінен кадр.

Советтік Украинаның атақты жазушысы Александр Корнейчуктің есімі бүкіл Совет Одағына және дүние жүзіне мәлім. Белгілі драматург Корнейчуктің бір ерекшелігі — совет адамдарын қуанып, мақтанышқа бөлеп, толқытып отырған, өміріміздің бүгінгі мәселелерін көркем шығарманың күшімен партия саясаты және халық мүддесі тұрғысынан бейнелей білетіндігінде.

«Бүргенді тоғай» — Корнейчуктің сондай таңдаулы шығармаларының бірі. «Бүргенді тоғайды» көркем фильм етіп киноға түсірген Киевтің киностудиясы.

Фильм колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуға арналған.

Картинадағы басты кейіпкерлердің бірі — колхоз председателі Романюк. Ол азамат және Ұлы Отан соғыстарының майдандарында Совет мемлекетінің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін белсене күрескен коммунист. Романюк колхоз басшылығында көптен келе жатқан адам. Соғыстан кейін де ол колхозға басшылық етеді. Неміс басқыншылары қыйрапқан колхоз шаруашылығы қалпына келтірілген. Тұрғын үйлер жаңа. Ондаған гектарға созылып жатқан шоқ-шоқ тоғайлардағы ағаштардың бұтақтары алма, алмұрт, жүзім сияқты жемістерді көтере алмай майысуда. Астық шығымы да жаман емес. Қысқасы, тұрмыс көңілді. Бірақ, колхоздың ертеңгі күнін, болашағын алыстан ойлай білетін, күні бұрын болмай білетін, ақылды, іскер басшыға, колхоздың экономикалық байлығын үнемі көтере беру үшін жаңалықты сезгіш адамдардың, озат колхозшылардың үніне құлақ аса білетін басшыға колхоз шаруашылығын бұрынғыдан да күшті өркендете беруге

дың ілгері өрлей беруіне бөгет болып отырған себептерді анықтағанмен, сынағанмен колхоздың өмірлік мүдделеріне байланысты мәселелерді батыл шешуде колхозшылармен ақылдаспай, оларға сүйенбей, өз ақылымен ғана іс істеп, жыйналыста жалғыз қалады. Халықтың күшімен, халықтың ойлағанымен есептеспей, халықпен қоян-қолтық келмей үлкен-кішілі мәселелерді жеке-дара тындыруға әрекеттенген адамның адымы әрқашан сәтсіздікке, өкінішке ұшырайды. Бірақ, Ветровой ондай адам емес, ол кейіннен өз қателігін мойындайды, өйткені, ол өзеннің ісіне ғана сын көзімен қарамай, өзінің ісіне де сын көзімен қарайды. Ұрыс даласында аузын арандай ашқан өлімге қарсы баруға ғана, өлімді жеңуге ғана батырлық керек емес, шындықты тану, мойындау, кемшілік-қателікті жою үшін де батырлық, батылдық керек. Ветровойдың адалдығы, батырлығы, оның адамдық бейнесінің тұтастығының өзі де осында.

УССР-дің халық артисі В. Добровольский жазушы Батураның бейнесін үлкен шеберлікпен жасаған. Батура естігеннен, газет хабарынан шығарма жазбайды. Ол халық сүйсініп оқырлықтай кітап жазу үшін өмірді білу қажет, өмірді өзгертуші, оған көрік беруші адамдарды зерттеу қажет деп санайды. Батура жолдасы суретші Вербаны ертіп, Бүргенді тоғайдағы Романюк басқарып отырған колхозға келеді. Батура осы колхоз бен оның Романюктей басшыларын мадақтау мақсатымен келген жоқ, колхоз өндірісі және колхоз адамдарымен жақын танысу үшін, зерттеу үшін келеді. Оның бұл сапарындағы мақсаты — колхоз бен колхоз адамда-

ШЕТЕЛДЕРДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

ВАРШАВА, 8 март. (СОТА). Польша Халық Республикасының еңбекшілері бүгін Халықаралық Әйелдер күнін атап өтуде. Елдің қалалары мен селоларында, өнеркәсіп кәсіп орындарында, мекемелерде және оқу орындарында мерекеге арналған жыйналыстар өткізіліп, сол сыяқты әңгімелер және лекциялар болуда.

7 мартта Варшавада Польшаның Әйелдер лигасының бас басқармасы шақырған салтанатты мәжілісі болды, Халықаралық Әйелдер күніне арнап Әйелдер кәсіподақтары Орталық Советінің секретары Ф. Васильковская баяндама жасады. Қорытындысында елдің озат Әйелдеріне үкметтің наградалары берілді.

ПАРИЖ, 8 март. (СОТА). Францияда Халықаралық Әйелдер күні Батыс Германияны қаруландыруға қарсы күрес ұранымен өтуде. «Юманите» газетінің хабары бойынша, елде мыңнан астам жыйналыстар болған, оларға әртүрлі партияларға, ұйымдарға және кәсіп одақтарға қатысы бар жүз мыңдаған Әйелдер қатынасқан. Барлық жыйналыстарда француз Әйелдері Ұлттық жыйналыстың депутаттарына және республика советінің мүшелеріне жіберілген шақырулар мақұлданған, онда, атап айтқанда, былай делінген:

«Біз, Әйелдер, өлім жеңіліп, өмірдің салтанат құруын тілейміз. Міне, осы себепті бүгін елде 1954 жылы 7 мартта өтіп жатқан жыйналыстарға қатынасушы француз Әйелдері барлық депутаттар мен республика советінің мүшелерін Бонн және Париж договорларын ратификациялауға қарсы дауыс беруге шақырады».

ИНДОНЕЗИЯ ӘЙЕЛДЕРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІН МЕРЕКЕЛЕУДЕ

ДЖАКАРТА, 8 март. (СОТА). Бүгін Джакартада және басқа бірнеше қалаларда Халықаралық Әйелдер күніне байланысты митингтер болды. Суматрада, Палембанг және Паканбару қалаларында 8 мартты мерекелеуге Әйелдердің әртүрлі ұйымдары, соның ішінде діни ұйымдар да қатынасты.

«Хариан ракыат» газеті мақала жариялап, онда халықаралық ниеттестік және бейбітшілік үшін күресте Индонезия Әйелдер ұйымдарының бірлігінің мәні атап көрсетіледі.

ЕРЕУІЛ ЖАСАҒАН ЖАПОН ШАХТЕРЛЕРІ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

ШАНХАЙ, 8 март. (СОТА). Жапониядан алынған хабар бойынша, бүгін Жапонияның 15 ірі көмір компанияларының көмір өнеркәсібі жұмысшыларының Ұлттық одағына кіретін шахтерлерінің жаппай ереуілі аяқталған. Ереуіл 28 январьда басталып, дүркін-дүркін болып отырды. Ереуілдің нәтижесінде шахталардағы жұмыс толық тоқтатылды. Шахталардың иелері бірнеше же-

Сайлау алдындағы саяси үгіт

(Ауыл-село тілшілерінің хаттарына шолу)

Облыс партия ұйымдары ССРО Жоғарғы мен көршілес «Болос» колхозының 1953 атындағы, Киров атындағы, Жамбыл Советінің сайлауы алдындағы саяси үгіт-ауылшаруашылық жылының қорытынды атындағы колхоздарда да сайлау алды-

түкүннен-күнге кеңінен өрістетуде. Бұл күндері мыңдаған үгітшілер мен саяси балдамашылар сайлаушылар арасында партиямыздың Орталық Комитетінің үндеуін, ЦСРО Конституциясы мен советтік сайлау системасының ұлы принциптерінің кеңінен насихаттауда. Сайлау участоқтары, үгіт пункттері, өгіс бригадалары мен мал фермалары және басқа да жұмыс участоқтары бұқаралық-саяси жұмыстың орталығына айналды. Редакцияға келіп жатқан тілші хаттары, міне, осыны баяндайды.

Тілші Мануйлов жолдас Мамлют асыл тұқымды мал совхозынан мынаны хабарлады: он үйліктер мен мал фермаларында 36 үгітші жұмыс істейді. Партия ұйымы үгітшілердің көпесін жиі өткізіп, бұқаралық-саяси жұмыстың тәжірибесін қорытын отырады. Үгітшілер, әсіресе, Максимова, Красноженова, Ковшова, Манахова жолдастар өздерінің әңгімелерін совхоздың өмірімен тығыз байланыстырып, жұмысшыларды қажырлы еңбекке жұмылдыруда.

—Сайлау алдындағы саяси үгіт өзінің тиісті нәтижесін беруде, — деп жазды осы совхоздың партия ұйымының секретары Чешков жолдас. — Совхоз коллективі Қазақ ССР Министрлер Советі мен ККП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын берік ұстауда. Дәнді дақылдардың тұқымы толық тазартылып, шығымдық сапаға жеткізілді. Озат сауыншылар Анохина, Есенова және басқалары өздеріне бекітіліп берілген сыйырлардан сүтті көптеп сауып жүр.

В. Лизун, Д. Қабышев, Б. Құрманғалиев, К. Зікірин, С. Әбдіманов және Ғ. Балтабаев жолдастар өздерінің хаттарында Совет ауданының бірқатар колхоздарында саяси үгіттің мақсатты ұйымдастырылып отырғанын, колхозшылардың өндірістік белсенділіктерін жазады. Каганович атындағы, Аманкелді атындағы, «Көктерек», «Аралаған» колхоздарында сайлаушылар үшін лекция оқу, кино фильмдер көрсету, концерт беру жұмыстары жиі ұйымдастырылады. Үгітшілер өздерінің әңгімелерін колхоздың алдында тұрған міндеттермен байланыстырады. Каганович атындағы колхоздың үгітшісі Трофименко жолдас соңғы бір әңгімесінде өз колхозы

дыларынан фактілер келтірді. Екі қолхоздың мүмкіндігі бірдей. Алайда, «Колос» колхозының көрсеткіштері анағұрлым жоғары. Каганович атындағы колхоз егіннен өнімді аз жыйнады. Мұның өзі агротехникалық шараларды бұрмалаудан болды. Алдағы міндет — астық шаруашылығы өндірісін тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен мықтап ұлғайту. Осы арқылы бүкіл артель шаруашылығында зор табысқа жету болып табылады.

Октябрь ауданының Ленин атындағы, Жамбыл атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында үгіт пункттері мен мал фермаларында, онүйліктерде үгітшілердің әңгімелері жиі өтеді. Онүйліктердің орталығы, мал фермаларындағы қызыл мүйістер сайлау алдында көрнекті үгітші — ұрандармен, плакаттармен жабдықталған. Колхозшы шаруалар сайлау құрметіндегі социалистік жарыстың туын жоғары ұстауда. Мәселен, Ленин атындағы колхоздың «Көктерек» участогіндегі мал өсірушілер мал қыстату маусымын үлгілі ұйымдастырып, бірде-бір малдың шығынға ұшырамауына жетісіп келеді. Жамбыл атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында еңбекте жаңа табысқа ие болған колхозшылар көптеп саналады. А. Төленов, Е. Әбілмәжінов, А. Жолдығарин, Ж. Ыбраев, Б. Күзембаев, Б. Қабдулов жолдастар редакцияға, міне, осыны хабарлады.

—Бұл күндері, — деп жазды Т. Әбілқин, С. Барқытов, Ш. Сүйіндіков жолдастар, — Преснов ауданы «Баян» колхозының колхозшылары сайлау күніне қызу әзірленуде. Мұнда 30-дан аса үгітшілер жұмыс істейді. Олардың басым көпшілігі он жылдық мектептің мұғалімдері. Үгітшілер Қоңығұлова, Усенбаев, Асқарова және басқалары өздеріне бөлініп берілген онүйліктердегі сайлаушыларға партиямыздың Орталық Комитетінің үндеуін, советтік сайлау системасының ұлы принциптерін түсіндіріп жүр. Үгіт пунктінде сайлаушылардың көштері жиі ұйымдастырылады. Колхозшы шаруалар сайлау күніне өндірістік жаңа табыстармен келіп, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін бірауыздан дауыс береді. Осы сыяқты, Е. Сұтанов, К. Ертаев, А. Аргынбаев жолдастар Жданов

дағы саяси үгіттің ондағыдай жүргізіліп отырғанын жазды. Жданов атындағы колхозда жас сайлаушылардың арнаулы бөлімі өткен. Онда дауыс беру тәртібі туралы әңгіме өткізіліп, концерт берілген. Көзір сайлау участоқтарында сайлауға соңғы әзірлік жұмыстары жүргізілуде. Октябрь ауданындағы № 203 Ленин сайлау участогінің сайлау комиссиясының председатели Құсайынов жолдас мынаны жазды:

—Сайлау участогі үшін дауыс беретін кабинеттермен жабдықтауға кірістік. Сайлау күнін өткізудің арнаулы жоспары жасалды. Онда сайлау комиссиясы мүшелерінің атқаратын қызметі, сайлаушыларды мәдениетті қамтудың шаралары белгіленді.

Қаладағы № 29 сайлау участогін аяқтатқан фабрикасы, «Главчермет», аптека басқармасы, «АвтоГЭБ» мекемелері партия ұйымдарының 60-тан аса үгітшілері қамтылды. Олар сайлаушылармен өткізген әңгімелерінде сайлау күнін, сайлау участогі қай жерде орналасқанын үнемі хабарлап, участоққа өздігінен келе алмайтын қарт сайлаушыларды есепке алуда.

—Осының нәтижесінде, — дейді аяқтатқан фабрикасы партия ұйымының секретары Стукач жолдас, — сайлау комиссиялары сайлаушыларды ондағыдай қамтудың нақтылы жоспарын жасады.

Дегенмен, сайлау күнінің жақын қалғанына қарамастан кейбір жерлерде саяси үгіттің дәрежесі төмен болып отыр. Жас сайлаушы Қ. Шайқисиямов жолдас Петропавл қаласы, Кооператив көшесі, № 14 үйде күні бүгінге дейін бірде-бір үгітші болмағанын хабарлады. Ленин ауданы, Калинин атындағы колхозда да үгітшілер онүйліктерде сирек болады.

—Үгітшілер Т. Кәкімов, Б. Қожаев жолдастар өздерінің онүйліктерінде небары бір-ақ рет әңгіме өткізді. Сондықтан кейбір сайлаушылар депутаттыққа кандидаттардың өмірбаяндарын жете білмейді, — деп жазды А. Бопылов жолдас.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы — саяси зор науқан. Партия ұйымдары саяси үгітті бұрынғыдан да кең және мазмұнды ұйымдастырып, сайлаушылардың халықтық блоктың кандидаттарына бірауыздан дауыс беруіне жетісуге тиіс.

болады. Ал, Романюк ондай басшы емес. Ол барға қанағаттанған адам. Ол, әрине, колхоздың өскенін тілейді, бірақ, өсудің, колхоз шаруашылығын дамыта берудің жолын білмейді. Өйткені, Романюк оқымайды, ізденбейді, өзіне айтылған сыннан дұрыс қорытынды шығармайды. Романюк — оқуын тоқтатқан-дықтан өсуін де тоқтатқан басшы.

Романюктің роліндегі ССРО-ның халық артисі Ю. Шумскийдің ойыны, сөзі мен қыймылы табиғи, шыңдыққа ұқсас, киноны көрушілерге нанымды болып шыққан.

Ұлы Отан соғысы майданында батырлықпен даңқы шыққан теңізші Карп Ветровой Романюкке қарама-қарсы қойылған. Бұл ұрыс даласында неміс басқыншыларын жеңіп жүріп, бейбіт өмірді, туған колхозын бір минут есінен шығармаған коммунист. Ветровой сүйкімді кейіпкер. Оның бойында бірінбірі толықтырып, үстемелеп тұрған ерекше екі қасиет бар: адалдық пен батылдық. Карп тілек-мақсаты қабырға-қан жолдасына да, жалынды жүрегімен сүйген қызына да адал, ұрыс даласының батыры бейбіт еңбекте де батыр.

Басшылық қызметте болсын, болмасын коммунистер үнемі басшылықты жақсартуды, колхоз шаруашылығын жылдан жылға көркейте беруді ойлап, колхоз өндірісіне белсене қатынасып отырады. Сондықтан ондай коммунистерді колхозшылар бұқарасының басшылары деп атаймыз. Ветровой — сондай коммунистердің бірі. Романюктің қол жеткен табысқа маз болып дандайсып кеткендігін алғаш рет батыл сынаушы да Ветровой. Бірақ, ол колхоз-

рын жете білу ғана.

Колхоз байлығына, өзінің басшылық «шеберлігіне» қанағаттанған Романюк жазушы мен суретші келді деген хабарды естігеннен соң өзінің жрынбасарына колхоз өндірісінің жақсы жағын көрсетіп, қыйраған көпір, астық үйілген клуб, тазаланбаған мал қораларын көрсетпегейсің деп тапсырды. Міне, оқый-ға осыдан басталып, колхоз өмірін білуге құштар жазушы колхоздың, селолық Советтің адамдарымен біртіндеп таныса бастайды.

Селолық Совет председатели Ковшук, оның қызы, колхоздың звеношысы Василианың бейнелері шыңдыққа жақын, көңілге қонымды етіп берілген.

Жергілікті ақын, селолық Советтің секретары Кандыбаның бейнесін УССР-дің еңбек сіңірген артисі Ю. Тимошенко шебер жасаған.

Совет әйелдері мемлекетті басқару ісіне белсене қатынасады. Совет әйелдері — коммунизмнің белсенді құрылысшылары. Алайда, ерлерінің көлеңкесінде саялап, еңбектенбейтін, қоғамға пайда келтірмейтін биештер де бар. Соның бірі Ага Шұқа. Ағаның бейнесі ұрқынсыз, жігіркенішті. УССР-дің халық артисі П. Нятик өмірін еңбексіз, қалаларды және курорттарды аралаумен өткізіп жүрген қамсыз әйелдің түсінік дүниесінің соншалықты тарлығын әшкәрейлі білген.

«Бүргенді тоғай» — колхоз өмірінен алынған құнды комедия. Бұл — туысқан Советтік Украина искусствосының көрнекті табысы.

Ж. МҰЗАПАРОВ.

Сайлаушылар үшін

Октябрь ауданы, Ленин орта мектебі оқушыларының көркемөнер үйірмесі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына дайындық кезінде сайлаушыларға жиі концерттер қойып беруде. Үйірме мүшелері оқытушы Ж. Мұқанов жолдасының басқаруымен жуырда сайлаушыларға үлкен концерт берді. Концертке мектептің 70-тен астам оқушылары қатысты.

Б. ЫБРАЕВ.

«Ленин туының» дабылынан кейін

«Тезімділік жасап отыр»

«Ленин туы» газетінің үстіміздегі жылдың 3 январындағы номерінде осы тақырыпта мақала жарияланып, онда Совет ауданында мал қыстату жұмысының нашар жүргізіліп отырғандығы сыналған болатын.

Аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжілісінде бұл жөнінде мәселе қарап, газет сынын дұрыс деп тапты, мал қыстату жұмысында орын алып отырған кемшіліктерді жоюдың шаралары белгіленді. Бюро МТС директорларын, колхоз председателдерін және бастауыш

Тәжірибе сабақтары

Жуырда қаладағы педагогикалық училищенің студенттері М. И. Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектебінде бір ай бойы сабақ беру әдісін үйрену тәжірибесінде болды.

Өздері өткізген сабақтан барлық пәндерден жақсы көрсеткіштерге ие болған студенттер Ш. Шахметова, М. Естекоева, Ж. Сағитов жолдастар тәжірибе жұмыстарының қорытындысында жақсы деген баға алды.

Ш. БӘШПРОВ,

ҚКП Совет аудандық комитетінің секретары.

қандар жасауға мәжбүр болып, жалғасын арттыру туралы ереуілшілердің талаптарын қанағаттандырған.

ПАРИЖДЕ ФАШИСТІК ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ЖАНДАНУЫ

ПАРИЖ, 8 март. (СОТА). «Юманите» газетінің хабары бойынша, кеше Париждің 15-округінде жүзде жуық фашистік басбұзарлар «Юманите-Диманш» газетін сатып жүрген еңбекшілерге бас салған. Газетті сатушылардың бірнешеуі жараланған.

«Юманите» бұл басбұзарлық полициялықтердің көзіңше болды, бірақ, олар тыюсыз кеткен бұзақыларды тәртіпке шақыруға ешқандай шара қолданбады деп, атап көрсетеді.

ШЕТЕЛ МОНОПОЛИЯЛАРЫ ТҮРКИЯНЫҢ МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІНЕ БАҚЫЛАУ ОРНАТУДА

ПАРИЖ, 8 март. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарынан көрініп отырғандай, кеше түрік меджлисі Түркияның мұнай өнеркәсібіне бақылау орнатуға шетел монополияларына мүмкіншілік беріп, Түркияның мұнай өнеркәсібінің дербестік ұлттық ерекшеліктерін жоюын заңды бекіткен.

Осы заңның негізінде пайдалануға берілетін концессиялар 40 жыл мерзімге және келісімдерді тағы 20 жылға ұзартуға концессияларға мүмкіншілік берілген.

ИРАКТЫҢ ЖАҢА ҮКМЕТІ

ЛОНДОН, 8 март. (СОТА). Рейтер агенттігінің Багдадтан берген хабары бойынша, Ирактың жаңа үкіметі құрылған. Жаңа үкіметтегі премьер-министр — Фадль Джемали.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«БҮРГЕНДІ ТОҒАЙ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-40, 10-40-та басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«СІЛІМТІКТЕР ҚАСҚҮНЕМДІГІ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30-да басталады.

ОТАН ҮШІН ЕҢБЕК ЕТУ—ЗОР БАҚЫТ

Менің өмір жолым Коммунистік партия мен Совет Үкметінің әйелдер үшін жасап келген және жасап отырған қамқорлығының айқын айғағы. Мен әке-шешемнен жетпей жетім қалдым. Совет мемлекеті мені өз қамқорлығына алып тәрбиеледі, оқытты, өсірді. 7 класты бітіргеннен кейін мен Мәскеудің қолөнер училищесіне түсіп, оны 1951 жылы бітіріп шықтым. Фрезеровшы мамандығын алып, заводқа жұмысқа кірдім.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің еліміздің шығыс аудандарындағы пайдаланылмай жатқан тың және тыңай-

ған жерлерді игеру туралы шақыруы мені қатты толқитты. Шынында, партияның шақыруына бірінші болып үн қосу оның өзімді көмекшісі комсомолдың міндеті ғой. Сондықтан да мен тың және тыңайған жерлерді игеруге барғым келетіндігін білдіріп, завод комсомол комитетіне арыз бердім. Өйткені, мен ол жерде за-водтағыдан гөрі Отанымға пайдалырақ еңбек ететіндігімді сездім. Ал, мен үшін Отанға пайдалы еңбек етуден артық бақыт жоқ!

Менімен бірге біздің заводтан 4 комсомолка осы облысқа келді. Олардың

бәрінің де мамандығы бар. Біз мұнда пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерді игеруге көмектесуге, сөйтіп, ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі болып табылатын астық шаруашылығын оржендеуге өз үлесімізді қосу үшін келдік.

Колхоздың еңбек даласында бізді қажырлы еңбек күтіп тұр. Қажырлы еңбек қажырлы адамдарды керек етеді, ая, біздер, комсомол қыздар үшін колхоздың еңбек даласында ұлы Отанымыздың көркеюі үшін еңбек ету—зор бақыт!

Р. ФЕДОРОВА,
Фрезеровшы.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.